

Шақантай соғысы

Шежірелі, деректі хикая

Жер-әлемді қанға бөктірген, ал қазақ халқының асқаралы болашағына балта шауып, ендігі шектеулі жағдайының өзінде жүз жылда оңалмас ауыр апатқа ұшыратқан бұлағай ХХ ғасырдың 18-жылы екен.

Наурыздың басы, қар сөгілген, бірақ қыс ызғары қайтпаған, күндіз киіз, түнде мүйіз дейтін, өтпелі шақ. Шыңғыстаудан бастау алатын, мол сулы Бақанас өзенінің төменгі ағысы. Орман-тоғайлы, қалың қамысты шүйгін қоныстың ұйықты бір тұсы. Аймаққа атақты, бай, бағлан Бөдес қажы жайыла орныққан, Қондыбайдың қара суы дейтін жердегі қыс қыстау. Төңірегі тыныш, бейбіт тіршілік жасап жатқан, мыңғырған мал, көп қоралы, қорамды үлкен ауыл.

Күн бесіннен асқанда, аттарының бауырына сауыс мұз қатқан, өздері де шаршап, шалдыққан бір топ орыс жапырлай келіп жетеді. Түгел қарулы, патша салдаты. Ұзынқұлақтан естілген, міне, бір жарым жыл бойы бұл орыс өзара қырқысып жатыр. «Ақ» болып, «Қызыл» болып дейді. Ағы – баяғы Мекалай патшаның жолындағылар, ал Қызылы – сол соқыр, яғни ақымақ, топас патшаны тақтан құлатқан бүлікшілер. Әуелі Ақ атаулыны Петірбордан қуыпты, енді екпіндей жылжып, Кетірімпордан өтіп, Көкшетау, Ақмоланы, Атбасарды алған. Дүмпуі қатты деседі. Өздерінің көлеңкесінен көп бұрын дабырасы жетті. Қыс ызғарымен қоса, қазақтың қалың ішіне бойлапты. Ал ақтар табанға тиянақ таппай, шегініп келеді дейді. Бір ауылдан екінші ауылға тезінен жеткен, тіпті, неше жүз шақырым озған нақты хабар. Әйтсе де, қар еріп, жол ашылмай бері құламаса керек еді. Міне, тобымен төңкеріліп, күн ауар-аумақта тапырлап, үлкен ауылдың үстінен шықты.

Өткен жері ылаң екен. Ұзынқұлақтан естілсе де, ақиқат, нақты сұмдық. Пәлен ауылда тапа-тал түсте қыз-келіншекті жаппай қорлаған, араға түспек болған әлденеше жігітті қатарынан атып тастаған. Тағы бір ауылда үш-төрт үйір жылқы – қырық-елу құр атты бөліп алып, ерттеп мініп кеткен, орнына арып-аршыған, қырық-отыз мәстегін тастапты. Алған малының жарым құнына жетпейді. Бірақ пұшайман ауыл бас амандығына тәуба айтса керек. Тәуба айтпай қайтсін, міне, орысқа қарағалы жүз елу жыл болды, қазақ қарусыз. Сойыл мен шоқпар – қаһарлы мылтықпен шендесе алмайды. Күні кеше, июнь жарлығынан соң, баламызды салдатқа бермейміз деп, шар тарапта, әредік көтерілген жұрт бостан-босқа қырылып қалды. Ендігі жағдайың да сол төңіректе. Көнбеске шараң жоқ. Он бес үйлі ауылға он емес, үш-төрт салдат келсе, жетіп жатыр.

Мынау отыз екі орыстың ішінде бір ноғай бар екен. Яғни, татар. Орысшасы, татаршасы өз алдына, қазақшаға сайрап тұр. Қауым жұрт осы татарды жақын тұтып, салдаттар босаға аттамастан, сүйеніш көріп, мәнжайды ұғындырып жатыр. Ауыл иесі Бөдес ақсақал – Мекеге барған қажы, жеті атасынан бері байлық арылмаған, бар қазаққа беделді, қалағаныңды түгел тауып береді, тек тыныштық керек, дегендей.

Қолма-қол шай қайнап, бауырсақ, шелпек, құрт-ірімшікті мол дастарқан жайылды. Кең қорада үш қой сойылып жатыр. Кім келсе де қонақасы берілетін ежелгі салт жөнімен.

Тобырдың төресі – түсі суық, жіңішке мұртты, шапыраш көк көз, жап-жас қазақ-орыс екен. Енді тілмаш, ауыл түсінігінде аралық дәнекерге айналған ноғаймен сараң тілдесіп, ана-мынаны сұрап отыр.

Салдаттар ат соғып, қажып, шаршап жеткен екен. Кейбірі шай үстінде қалғыды, біразы еттен соң қылжиды. Көп ұзамай-ақ, бәрі де Бөдес қажының үлкен қыстау үйінің әлденеше қонақ бөлмесіне орналасып, жаппай ұйқыға кеткен. Аңқау қазақ: мынау бір жөндем орыстар екен, бізге келіп жатқан дабыраның бәрі бос, енді ертең аман-есен аттандырып салайық деп, көңіл делбеген.

Бөдес қажы мана, қатарлас үш-төрт бөлмеде дастарқан жайылған соң, үлкен басын кішірейтіп, керме иығында бір жолақ, екі жұлдызы бар орыс төресіне кіріп шыққан. Ноғай жігіті жалпылдап, қанша айтқанымен, жап-жас орыстың өңі жыли қоймады. Қажы да бар пікірін ішке түйген. Жақын жігіттеріне: мына қарақшылар шаршап келген, қамшы көтерер қауқары жоқ, ұйықтап, тынығып тұрған соң бар қызығын көресіндер, депті. Және дәп сол жерде қосшы, қызметші оншақты жігітті алдына келтіріп, тақау төңіректегі ауылдарға хабаршыға аттандырған екен. Тезінен жетсін, және бел шешіп, жаннан күсіп, сапы мен дойыр, босмойын шоқпарларын ала келсін, және сыбдырсыз, мысық табандап жүрсін, деп. Таң атқанға аман жетсек, мына біз отыз салдатты жаһаннамға аттандырамыз, әйтпесе, балашағамызбен қоса, түгелдей қанға батамыз, деп.

1

Енді, бұл кезде сексенге келген, Мекеден соң бұрнағы асау арыны басылған, дүние ісінен бой тартып, пірадар жолына түскен Бөдес қажының тумысы мен болмысы туралы азғана дәйектеме.

Жасында ақылды тентек, патшаға қарағаннан бері ел иесі саналатын болыстың өзі үстіне имене кіретін, егде шағында ел ағасы, қартайғанда қажыға барып келген соң құрмет, қасиеті арта түскен Бөдес ақсақалдың арғы-бергі аталарының бәрі де батыр болған, жуан болған. Ақыры, ел тыншыған, соңғы үш атасы да жаумен жағаласпай-ақ нығыздығымен, айбынымен ордалы жұртты ұстаған өзгеше әулеттің жаңаша бір көрінісі еді.

Қазақ жөнімен арыдан бастасақ, Абақ керей, жастабан. Бұл жастабан тайпасы сарбас, сартоқай, бегімбет деп таралады. Қажы бегімбет ішінде

бекназар. Бекназар төрт атаға жіктелмек: қожагелді, қойлыбай, құдайберді, жәдігер.

Қожагелді – ақыр түбі осы деректі, хақиқат жазбаларға қол қойған мына мен – Мұхтар Мағауиннің арғы атасы. Тікелей біздің әулет – оншама өсіп, өнбеген тұқым. Санамалап келгенде, Қожагелді – менің сегізінші атам. Ал қатарлас басқа да ағайындардың көпшілігі – Қожагелдінің оныншы, он бірінші ұрпағы болып шығады екен. Атамыздың жасаған уақыт межесін айғақтау үшін айтып отырмын. Қожагелдінің үлкен ұлы Алыбай – қазақ-қалмақ соғыстарына белсене араласқан, Ала-Тоқал дейтін атымен топ жарған батыр болыпты. Екінші ұл Жанбайдың (Янбай-мурза) есімі сол замандағы тарихи құжаттарда таңбаланған. Жарғышы би атанған Жанбай 1742 жылы, орыс өкіметі мен қазақтың көптеген рубасылары қатынасқан, татулық, бейбіт жағдаят туралы келісімге қол қойған. Абақ керей Бәйсейіт бимен, өзінің ағасы Алыбаймен бірге. Яғни, сол замандағы ірілердің санатында. Менің тікелей жетінші атам.

Жаңа айттық, Бекназардың Қожагелдіге тетелес, шындығында үшінші ұлы Құдайберді деп. Құдайбердіден – Майбас, Жауғашар. Бұл Жауғашар – кеудесі жоғары, тым тәкаппар кісі болған сияқты, сондықтан, тіршілігінде Алшаң атанған және осы есімімен барлық шежіреге енген. Бұл Алшаңнан жалғыз Шақантай. Шежіре қуа келсек, манағы Жанбайдың ұлы, менің алтыншы атам Есенбаймен тұстас. Екі аралық өте жақын, шөбере бауыр болады.

2006 жылы, біздің ауыл Шақантай батырдың атаулы тойына дайындалып, басын қайтадан көтеріп жатқан кезде Имаш – ғұзырлы Иманғали Тасмағамбетов: «Шақантай батыр сіздің атаңыз бола ма?» – деп сұрап еді. «Иә, менің атам, – дедім. – Сонымен қатар, біз – басқа тұқым, Шақантайдың үлкен әкесінің бірге туған ағасынан тараймыз», – дедім. Соңғы сөз – анық, бірақ әуелгі сөзде қате жоқ.

Кеуделі Алшаң – Шақантайдың он үш жасы, бала кезінде дүниеден өтсе керек. Бұл кезде Құдайберді де тіршілікте жоқ, енді тентек, жас Шақантай немерелес, жуан ағайындарынан қағажу көре бастапты. Қайткенде, еркін өскен мырза, азды-көпті қырын қабаққа шыдамаған. Міне, осы кезде үлкен әке есебіндегі Қожагелді Шақантай баланы қорғалап, қасына қосшы беріп, іргелес наймандағы нағашы жұртына асырып жіберген екен. Сондықтан, кейінгі Шақантай әулеті Қожагелді тұқымын аға баласы деп қана емес, қамқоршы туыс деп, қатты сыйлап өткен.

Шақантай баланың нағашы жұртына кетуі – аталар жасамы бойынша шамаласақ, 1760 жылдардың басы. Айтқанымдай, 2006 жылы біздің ауыл – Семей облысының Шұбартау өңірінде Шақантай батырдың дүбірлі тойы аталып өтті. 300 жылдық деп. Қалай дәріптесе де сыйымды, бірақ 300 жыл емес. Яғни, 1706 жылы тумаған, шамасы 1750 жыл межесінде.

Тәуелсіздікке жалғас масаттық кезінде бұрнадағы қазақ батырларының думанды тойлары қатар-қатарымен өткеріліп жатты, бәрінің дерлік 300 жылдықтары. Алға жиырма, отыз, қырық жыл оздырып,

тезінен атап өтуге асығыпты. Бұлардың майданға шыққан уақыты – қазақ тарихындағы ең бір ауыр жеңіліс – Ақтабан-шұбырынды тұсына сәйкеседі. Осыншама даңқты батыр қазақ халқы біржола құрып кетуге тақаған апатқа қалай жол берген деп ешкім ойланбапты. Бәрі де жеңген емес, жеңілген батырлар болып шығады ғой. Әлбетте, бұл – басқа бір әңгіме. Жеңілістің себебі көп, оны да жазғанбыз, бірақ мұндай сұмдықта халықтың да, аталған, аталмаған әйгілі батырлардың да кінәсі жоқ, соңғы отыз жылда ел тізгінінен айрылып қалған хан мен бар өкімді тартып алған билердің алауыздық әрекетінің нәтижесі деп.

Сонымен, Шақантай атамның Ақтабан-шұбырындыға да, одан кейінгі итжығыс майдандарға да қатысы жоқ. Біз ертелі-кеш қарастырған тарихи жазбалардың ешқайсында Шақантай есімі ұшыраспайды. Бұл тек Шақантай батырға ғана қатысты сөз емес. Қазақ тарихына қатысты батыр, бағландардың көбіне орайлас жағдаят. Белгілі оқиғалардың біразы, жекелеген есімдер, бізге ескілікті тарихи хикая, ел аузындағы қилы аңыздар арқылы жеткені мағлұм. Есебі, Шақантай батырға жұғысты әңгімелер де дерексіз лақап емес. Негізінен, бір заманда өткерілген нақты оқиғалар тізбегі. Сонымен қатар, осы және жалғас кезеңдегі, өмірде шын болған, шежіреге енген тұлғалар куәға тартылатын деректі әңгімелер де көп.

2

Біздің байып, есебіміз бойынша, Шақантай батыр 1770, 1771 жылдардан бастап қана өз заманының дулы, қым-қиғаш, қантөгіс оқиғаларының бел ортасында жүрген. Ең негізгі бір айғақ – атамыздың отбасы-үйелменінен бастау алса керек.

Шақантай батыр – аса үйірсек адам болған сияқты. Жиыны үшеу, төртеу емес, он жеті әйел алыпты. Тіпті, он тоғыз деп айтылатыны бар. Соның он үшінші есім, жөні мағлұм. Осыған орай, кейінгілер он тоғыз, тіпті, он жеті де емес, он үш әйелге тоқтаған. Жөн-ақ, нақтысы он үш деп қоялық. Арыдағы Алтын Орда хандары демесек (мәселен, Батудың жиырма алты әйелі) кейінгі қазақта тым құрса жарым-жартылай ұшыраспаған, ерекше ахуал. Енді осы әйелдердің есім-жөнін, шыққан тегін тарата келсек, мүлде қызғылықты жағдайға тап боламыз.

Алғашқы, нағашы жұртында айттырып алған бәйбіше – бірінші әйелінің есімі Жаңыл. Айттық, найман текті. Екінші әйел Еңке – қалмақ қызы. Бұдан соң, жалпы он үштің қатарында тағы үш қалмақ қызы бар: Дәріпжап, Соқұр, Шебек. Жиыны – қалмақ нәсілді төрт әйел деп қойыңыз. Мұнымен бітпейді, Үйрек дейтін әйелінің нақты жөні белгісіз, қалмақ шығуы да ықтимал. Мейлі, мына төртеудің қатарына қоспай-ақ қоялық. Әйтсе де, жат жұрттық қатындардың есебі жалғаса береді. Қырғыз қызы Мөлке, қарақалпақ қызы Қоныс бар. Яғни, он үш әйелдің алтауы басқа жұрттан екен. Жаңылмен қоса, қалған жеті әйелдің қазақтығы күмән туғызбайды. Бірі – Ақтамберді батыр-жырау әулетінен, енді бірі – Жобалай бидің балдызы, дегендей. Сонымен, он үш әйелге тоқтадық.

Енді осы он үш әйелден таралған, уақыт өте келе, біртұтас, шақантай аталатын руға айналған тұқым-жұрағат туралы.

Бәйбіше, найман қызы Жаңылдан бес ұл туған: Байбарак, Байтөбет, Торғай, Текебай, Серкембай.

Қалмақ Еңкеден жалғыз ұл – Құлбарак. Және бұл Құлбарак – Шақантайдың тұңғышы. Әйткенмен, бірер ай, әлде жарым жылдан соң туған Байбарактың жолы үлкен саналған, бәйбіше баласы болғандықтан.

Қарақалпақ Қоныстан: Меңлібай, Қалыбай, Шала.

Қырғыз Мөлкеден: Боранбай, Даулыбай.

Қалмақ Соқұрдан: Қарғы, Бұрғы, Сүйір.

Қалмақ Шебектен: Қоржын, Сауысқан, Қосқұлақ.

Қалмақ Дәріпжаптан: Изғұтты, Қарамерген, Сарымерген, Қабанбай.

Біз тегіне күмәнданған Үйректен – Шалқыбай.

Жиыны – жиырма екі ұл болды.

Жаңылмен бірге, қызметші ретінде, әлде ілгерілі-кейінді шабындыдан келген қалмақ қыздары – Еңкемен қоса, жетеу екен деп айтады. Біз үшеуінің ғана атын тауып отырмыз. Қалған төртеуінің орны жоқ. Шақантайдың он үш емес, он жеті әйелі туралы дүбара сөз осы орыдан туындаған. Әйткенмен, долбар жасамайық.

Он үшке тоқтаймыз, дедік. Соның сегізі бөліп аталады: Жаңыл, Еңке, Қоныс, Мөлке, Соқұр, Шебек, Дәріпжап, Үйрек. Қалған бес әйелдің есім-жөні: Ақайша, Мейіз, Жанбегім, Іңкәр, Қынан. Осы, соңынан тіркеліп отырған Қынан да қалмақ шығуы ықтимал. Шежіреде бұл бес әйелден ұрпақ аталмайды. Бәрі бірдей бедеу болды деп айтуға қисын жоқ. Әлбетте, ұл таппаған. Бірақ құрсақсыз емес. Тек жағалай қыз. Осылар бар, жиырма екі ұлдың үстіне тағы қаншама қыз әкелген манағы сегіз әйел бар, жинақтап келгенде, жиырма-отыз қыз. Бұл қыздардың көпшілігі іргелес найманға ұзатылған. Оның ішінде қарсы құда ретінде, Ақтамберді ұрпақтарына.

Шақантай батыр әулетінде әр әйелдің және одан туған ұлдардың өз орны бар.

Бәрінен жоғары, бірінші кезекте – Жаңыл. Бас бәйбіше болғандықтан ғана емес. Ақыл, парасатына қарай. Атамыздың көп әйел алуына алғашқы түрткі болған – осы Жаңылдың өзі деп айтады. Ұрпағы өсіп, іргелі әулет болуы үшін.

Ел әңгімесі бойынша, төркінінен қайтқан көш үстінде шұғыл, өз қолымен қосқан алғашқы әйелі – қалмақ қызы Еңке. Шешімі ортақ екі-үш нұсқасы бар. Қайткенде, қызметші қалмақ қызының өр мінезі Шақаңа ұнамай қалған екен. Соның негізгі, қисындысы. Көш алғашқы қоналқаға тоқтағанда, қосшы жігіттердің бірі шаңырақ көтермек болады. Сонда Еңке: көш иесінің өзі көтеруі керек деп, тоқтатып қойған екен. Бөгеліп келген Шақантай: «Мына күң де жарлық беруі керек пе», – деп, садақпен атып қалыпты. Саннан тиген екен. Тәрізі, ұлы денеден тыс, өлтірмей жазалау үшін. Қалмақ қызы шалқалай жығылады. Әлдекім, тәрізі қызметші қыздар, немесе бәйбішенің өзі оқты суырып алмақ болғанда, қыз бәрін де жасқап, «Атқан ердің өзі алсын!..» – деп қырысады. Тәрізі, оқыс ашуына өзі де

өкініп тұрған Шақантай қыздың көйлегін ысырып, қара санға қадалған жебені суырып алған екен. Сонда Жаңыл: «Отағасы, жарасы жазылуын күтпей, осы кеште бұл қызды ақ-адал әйел ретінде аласың!..» – депті. Дағдарып қалған жас жігіт Шақантайға шегелеп айтқан екен: «Атқаның – орынсыз ашу үстінде, ештеңе етпес, сен бұл қыздың ешқашан ашылмаған етегін көтердің, енді екеуіңнің де тазалығың үшін некелі ерлі-зайып болуға тиіссің!» – дейді.

Бұл Жаңыл, қашанда алды, артын нақты байыптайтын ақылды ғана емес, мінезі тұрақты, бірбеткей әйел болса керек. Қисынды орайын тауып, батырды қашанда ырқына көндіріп отырған. Осыдан соң, әрине, ел-жұртқа жетіп, орныққаннан кейін, араларын көп ұзатпай, бір бірлеп жаңа отау көтеріп, қатар-қатарымен әйел әпере берген. Байлығың жетеді, өзің атадан жалғызсың, енді ұрпағың өссін, түптің түбінде мұртынды балта шаппайтын, рулы елге айналасың, деп. Ақыры, дәп солай болып шықты.

Әйел көбейгенмен, күндес жоқ, түгел тату, ал Жаңылдың орны барлық уақытта өзгеше бөлек екен. Осы Жаңылдан туған бес ұл, олардың жалғас ұрпағы айрықша құрметте. Біз бәйбішеден тараймыз деп, маңызданып, ең жоғарыда, төрдің төбесінде отырады екен. Арада жеті-сегіз-тоғыз ата өткеннен кейін, күні кеше, менің өзім куә болған жағдай. Мәселен, бірде, ауылдас ағайындар бас қосқан, әлде той, әлде қонақта Хасен ағам – доктор, профессор Хасен Әдібаев, бәрімізге белгілі жағдаятты еске салып, біз – Жаңыл әжеміздің балалары, ең жоғарыда отыруға тиіспіз, деп еді. Онсыз да жоғарғы қатарда отырған. Сонда Шақанның кейінгі әйелдерінен тарайтын, жастары Хасекенмен қарайлас, ол да доктор, профессор Айтқазы Серғазин, үлкен қызметтер атқарып келе жатқан, кеуделі Серікбол Темешев ағаларым бірден жапырылып түсіп, ол рас, бәйбішенің баласы, Хасекен қашанда ең үлкен құрметте, төріне ешкім таласпайды, – деп еді. Сонда мен айттым: ешбір күмән жоқ Қасекене, сіз бар шақантайдың төрінде отыруға тиіссіз, бірақ мен – Шақантай батырдың үлкен әкесі Құдайбердінің туған ағасы, ақылман Қожагелдінің ұрпағымын, сізден де, басқа ағаларымнан да жоғары отыруға хақым бар, бірақ өз ортамызда жасым кіші болғандықтан, ешкімнің алдын кеспеймін, дедім. Хасен ағам біздің әулет шежіресіне тым бойламаған екен, дағдарып қалып еді, осы арада отырған үлкендердің бірі мені қостап шықты. Бұдан соң басқа ағалар да орынды сөзімді қошаметтеп еді. Өзім емес, қазақтың қазірде көп сақтала бермейтін сыйластық рәсімінің орайында еске алып отырмын.

Айттық, тарихи әдебиетте Шақантай атамыз туралы нақты деректер ұшыраса бермейді. Өткендегі қазақтың ірілерінің көпшілігіне қатысты жағдаят. Осы орайда, халық жадындағы тарихи әңгіме, аңыз, хикаялар мен толғау, дастандарға ретіне қарай сүйеніп, жүгініп жүргеніміз де рас. Шақантай батыр туралы да тарихи негізі күмәнсіз әңгіме, хикаялар біршама. Бұрнада толғау жырлар, кейінде арнау өлең, поэмалар да жазылған. Солардың кейбірін «Жұлдыз» журналының тұтқасында отырған кезімде, 1990-2000 жылдар мұғдарында жарияға шығарған едім. Түп негізі ел аузындағы сөз, қайталап жатпайын. Атамыздың ғұмыр кешкен кезеңі

мен ескілікті оқиғалар сұлбасы осы, кейінгі заманда таңбаға түскен әңгіме, хикаяттар және батырдың отбасы, атаулы он үш әйелдің бітім-болмысы мен ұлттық құрамынан айғақталса керек.

3

Батырдың қазақ әйелдерінің жөні айқын. Ал төрт қалмақ және қырғыз бен қарақалпақ қайдан түсті? Әлбетте, сол замандағы халықтар тоғысы, ұрыс-майдан нәтижесінде. Аңыз бен шежіреде нақты айтылатындай, Шақантай батырдың жас кезінен-ақ қан майданға белсене араласуы – күмәнсіз. Арыдағы емес, бергі кезеңдегі ұлан-асыр ұрыстарға. Әлдебір еңбекте асырып жазылғандай, қол бастап емес, топ бастап. Және жеке ерлігімен жұрттан озып, жарқылдай көзге түсіп.

Бұл замандағы қалмақпен ең соңғы үлкен майдан – әйгілі Торғауыт көшіне байланысты. Орыс шегінен ауып, Жоңғарға жетпек қалың қалмақ Еділдің сол жағалауы, қыс көзі қырау – 1771 жылы, 5 январь күні үдере қозғалған, кейінгі, нақтыланған санат бойынша, 70 мың шаңырақ – шамамен 350 мың жан, оның ішінде 40-50 мың жаракты әскер, тұтас тоғыз-он айлық шеру: әуелі мұз кешу, одан соң шөл мен шаң кешу, барлық уақытта қан кешу – тынымсыз, ұзақ сүргін кезінде тарихта бұрын болмаған апатқа ұшырағаны белгілі. Табиғи қиындық, жол азабымен қоса, қазақтардың Жайық бойында басталған тынымсыз шабуылы біржола титықтатқан. Алғашқы аптадан кейін тозғындай бастаған торғауыттың аман қалған үштен екі бөлігі июнь айының ақырында Балқаш көлінің батысы, Мойынты бойында бұзылмас тосқауыл табады. Қалмақ келе жатыр деген дабырадан соң, әр тараптағы бар қазақ атқа қонған екен. Нақты дерек – бұл кезде Абылай ханның туының астына 50 мың аламан топталған. Бүкіл қалмақ көшін толық қоршауға түсіреді. Екі жақты келіссөз нақты нәтиже бермепті. Ақыры, үшінші күні таң қараңғысында жаппай, дүрк шабуылға шыққан қалмақтар қырылып, жойылғанына қарамастан, қоршауды бұзып өтеді. Еркіндік емес, ең үлкен сұмдықтың бастауы екен. Бұрнағы табандасқан ұрыс жайына қалды. Тозғындаған қалмақтың азғана бір бөлігі Балқаштың сыртымен қашса, негізгі тобы Іленің бойымен босқын тапқан. Енді жаппай қырғын. Ақыры, кем-кетік 15-20 мың шаңырақ, асса 40-50 мың жан, қансырап, азып-тозып, енді Қытай ұстап отырған Жоңғар шегіне әрең жетеді. Бір заманда бүткіл Орталық Азияны дүрліктірген Қалмақ жұрты жоққа айналды. Ал ежелгі жауын аяусыз қырған Қазақ Ордасы түпкілікті жеңіске жеткен еді. Екі жүз елу жылдық тынымсыз майданның соңғы түйіні.

Осы, қысқы мұздан басталып, жазғы аптап пен шөл, қанды, шанды ұрыстарға жалғасқан ұзақ, зор майданға бар қазақтың қатарында жас бөрі Шақантай батыр да белсене араласты деп айтуға толық негіз бар. Әлбетте, әуел басынан емес, шешуші, жеңісті кезеңінде.

Кейінгі қазақ «Шанды жорық» деп атандырған Торғауыт соғысында қазақ жағына мыңғырған мал, қымбат дүние-мүлік өз алдына, ежелгі дәстүр бойынша, жұртынан айырып, артынан бауырға салып, асырап алған

мындаған баламен қатар, қисапсыз қыз-келіншек тұтқынға түскен еді. Түр-тұлғалары үйлес, қазақтың санын арттыруға және қан жаңартуға тиісті, жауынгер жұртты жат көрмеу ұраны, Бұқар-жыраудың аузымен айтылған: «Қатының болсын қалмақтан!» деген пәрменді насихат, артығымен жүзеге асады. Мен өзімнің үлкен әкем, арғы-бергі қазақ шежіресін жете білген Мағауия – Мағаш атамнан осы орайда, сыртқа шыға бермейтін қаншама әңгіме естіп едім. Мәселен, бізбен жеті ата межесінде табысатын ағайындар ішінде, арғы бір бабам Айбас батыр олжалап әкелген қалмақ балаларының да үлесі барын. Бізбен тіпті жақын саналатын бір атаның алты ұлының үшеуі, және бір туыстың екі баласының біреуі тағы да Айбас бабамның еңбегі екені. Бұрын азғана үлкендер ғана білген, ешкім сыртқа шығармаған, Мағаш атам маған соншама сенгендіктен айтып отыр. Енді бұл құпия менімен бірге тозбақ. Біздің ауыл ғана емес, әр тарапта, бүткіл қазақта осындай мындаған тұқым. Кім біледі, кім айтады, бүгінде ғана емес, бұдан жүз, екі жүз жыл бұрын кім ажыратыпты. Ал қазаққа келген қыз, келіншектердің жөні тіпті басқаша. Қалмақ әйелден тумыс – ешқандай кемшілік емес, керісінше, әдепкі жағдай. Жоғарыға өрлесек, арғы қазақтың қаншама ханы мен батыры, белгілі тұлғаларының аналары қалмақ қызы болып шығады екен. Әдетте, бейбіт қатынас кезіндегі ашық құдалық, ұрыс-соғыстар кезіндегі шабынды. Қашанда қалмақ шешелеріміз туралы мағлұматтардың бәрі ерекше. Шақантай атамның әлде жеті, нақтысы – Еңке бастаған төрт қалмақ әйелі де кейінде, жұмсартылып айтылғандай, сауғаға келген жоқ, неткен оп-оңай, мол сауға, ақиқаты – торғауыт сүргіні кезінде шабындыға түскен қыздар. Ал қиырдағы қырғыз бен қарақалпақ та осы торғауыт майданының алдындағы және соңындағы қырғыз ұлысына қарсы жорық кезіндегі олжа.

Бұл заманда Шақантай батыр, асса жиырма үш-жиырма бес жаста. Бұдан соңғы елу жыл өмірі тыныштықта өткен. Бастапқы кезде бүткіл Абақ керей қатарында біздің жастабан, оның бегімбет табы, кейінгі Қытай иелігі Майлы, Жайыр тауы, Сауыр үстіртін қоныстанған екен. Ақыры, 1790 жыл шамасында Қытай шегіндегі барлық Абақтан, оның ішінде жастабанның өз ішінен де бөлініп, бұрнада азғана уақыт қоныстанған, енді «орысқа қарасты» Шыңғыстаудың күнгей беті, Бақанас өзенінің алқабынан Көкше теңіздің жағасына дейін, батыста Қарқаралымен шектес Дағандел өзенінің бойында қоныстанған екен. Ол заманда Қытай – Орыстан гөрі жайлы, әйтсе де ағайындас отырған қалың керейден бөлініп, түп көтеріле батысқа көшуінің негізгі себебі – біз мана жөнекей айтқан, 1742 жылғы, Бәйсейіт би мен Жанбай мырза қол қойған келісім шартқа байланысты деп білер едік. Ата жұрт, қалың қазақтан көп ұзап кеткісі келмеген. Екі аралықта тағы бір келісім болған. Терістікте әуелден біліс, тату тобықты, шығыста қалың найман, батыста біртұтас қаракесек – өзара түсініс бойынша, қак ортасынан байтақ қоныс берген.

Біршама жұртты жаңа өлкеге бастап келген, баяғы Бәйсейіт бидің бел баласы Жобалай бидің бедел, рухымен Жобалай керей атанған біздің ел патша заманында Қарқаралы дуанына қарасты Дағандел-керей болысы

деп танылды. Советтер тұсында, Қарқаралымен аралықтағы Шұбартау-төлеңгіт болысымен қосылып, Шұбартау ауданы, Семей облысы.

1926 жылғы біршама нақты санақ бойынша, аудан шегінде 12 700 керей, 12 400 төлеңгіт болған екен. Жиыны 25 мыңнан астам халық. 1931-1933 жылдары, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық нәтижесінде ғаламат қырғынға ұшырады. Тіпті, жалпы қазақ межесінен астам. (Зобалаңның ақыры, 1935 жылы аудан шегінде небәрі 7 мың кісі қалыпты – бұрнағы жұрттың 28 пайызы.) Қырғынның қосалқы бір себебі – елдің басы бұла, советтік құрылымға жай ғана наразылық емес, ашық қарсылық. Тарихқа енген, 1931 жылғы Шұбартау көтерілісінен біршама бұрын, 1928 жылдан бастап, қарулы күрес мейлінше өріс алған. Бұл жағдаят – Шақантай әулетінің еркіндік қимыл-әрекетіне байланысты болатын. Мұның бәрі кейін.

Әзірше, 1790 жылдың шамасы екен дейік.

4

Жастабан руының Бегімбет табы Қытай шегінен қайрылып, Бақанас бойы, Дағандел өлкесіне қоныстанды. Шақантай батыр – жасы қырыққа жаңа кірген, атағы зор және байлығы шалқыған ел ағаларының бірі. Ақылды, аруақты Жобалай бидің оң назарындағы, өзі де ел-жұртына айрықша беделді Шақантай батыр Бақанас бойындағы орман-тоғай, бітік өлкелі, ең бір шұрайлы өңірді еншісіне кесіп алыпты. Қазіргі жер межесімен айтсақ, Баршатас қыстағынан оншақты шақырым төмен Жылтыр деген қонысқа жалғас, қырға шыққан тепсеңнен тартып, Қосағаш ауылын басып, шамасы елу-алпыс шақырымдай, Бақанас өзенінің етегіне дейін. Екі жағалаудағы шүйгін дала және тиесілі. Батырдың он үш әйелі он үш ауыл болып отырған.

Осы орайда, Шақаңның тентек мінезін сыпаттайтын бір оқиға.

Іргелес найманнан ерігіп, ел қыдырған екі жігіт келе жатады. Төменгі ауылға жетіпті. Уа, бұл кімнің ауылы? – Шақантайдың ауылы. Келесі ауыл. Кімнің ауылы? – Шақантайдың. Арғы, оған жалғас, одан кейінгі ауылдар. Кімнің ауылы – Шақантайдың ауылы... Сонда осы екі жігіттің бірі: «Қызынды... не деген бітпейтін Шақантай!..» – депті.

Арқада шеше есімі қастерлі. Түстік өлкеде ауызға жеңіл ілінетін, тәрізі, біздің жұртқа іргелес көршіден жұққан, күні бүгінде қалған қазаққа тосын былапыттың елесі де жоқ. Ол заманда тіпті сорақы естілсе керек. Шеше тұрыпты, берідегі «Қызынды... (пәлен етейін)» – балағат қорлықтың ең сұмдығы болып көрінген. Сонымен, әлгі есер екі жігіт айтып қалды. «Уа, қызынды...».

Ақыры екі жігіт Қосағаш түбінде отырған үлкен ауылға келіп түсіпті. Әлбетте, манағы сөз өздерінен бұрын жеткен. Ауыл иесі Шақаң бұл екі мықтының бет-жүздерін көреді, қош келіпсіңдер дейді. Ел ағасы кеткеннен соң, күтуші жігіттер қазақ жөнімен, алыстан келген ағайынға қой сояды, мол дастарқан жайылады. Мұнымен де тоқтамаған. Екеуіне арнап екі отау үй тігеді. Қалы кілем, құс жастық, шағи көрпе, белден төсек.

Және дәл ұйқыға жатарда – екі қыз. Қымсынса да, турасына көшіп, «Бізді манағы сіз айтқан жорамен жіберіп отыр, енді түн ұзақ қасыңызда боламыз...» – депті. Екі жігіттің есі шығып кетеді. Қыздарға қол салу қайда, қисайып көз ілуге де шамалары келмей, таңды ұйқысыз атырады. Ақыры, отауда отырған екі қызды шығарып алған жеңгелері істің мән жайын сұрамай ма. Қасымызға жуый алмады, төсектің басын құшақтады да отырды деп, шынын айтады.

Бар істі анықтаған соң, Шақаң екі жігітті алдына келтіріпті. Кеше алай деп шалқып едіңдер, арманынан шықсын деп, екі қызымызды салып бердік. Егер дәл солай жасасаңдар, сөзінен ісі ажырамайтын, ер жігіт екен деп, осы қыздарды некелеп қосып, бастарыңа үй тігіп беріп, енші бөліп, құрметпен аттандыратын едік. Ер жігіт емес, ій ауыз, былапыт, ез мігіт екенсіңдер. Енді орынсыз боқтыққа орай тиесілі жаза – қажетсіз мүшелеріңнен айрыласыңдар! – депті. Сол арада тарпа басып, екі жігітті піштіріп жіберген екен. Бір аптадай емдеп, жаралары жазылған соң, елінің шетіне дейін шығарып салыпты.

Әлбетте, тым қатаң жаза. Дүре соғып қайтаруға болар еді. Бірақ сол заман тұрғысынан алғанда, бәрі орынды, ғаділетті көрінсе керек. Намыстан қиын не бар. Бар жағдайды естіген іргелес ағайындар ешқандай кінә арта алмаған.

Сонымен, он үш ауыл. Шын мәнісінде он екі дейді. Соқұр мен Шебек қашанда жұбын жазбай, бірге отырған екен. Екі отау, бір үйелмен. Соған орай бұл екеуінің балалары да, жиыны алты ұл, ортақ есепті, кейінгі шежіреде және ауызекі сөзде соқұр-шебек аталады.

Ал Жаңылдың бес ұлы, біз бәйбішеміз дейді де, әрқайсының ұрпағы әке атында: Байбарақ, Серкембай деген сияқты.

Қырғыз қызы Мөлкенің екі ұлының әулеті – қырғыз.

Сондай-ақ, қарақалпақ Қоныстың үш ұлының ұрпағы – қалпақ.

Еңкенің жалғыз ұлының нәсілі – қалмақ емес, құлбарақ.

Қалмақ Дәріпжаптың төрт ұлының ұрпағы – аналарының есімінде – дәріпжап.

Үйректің жалғыз ұлының тұқымы – әке атында, шалқыбай. (Шақантай бабамыздың сүйегі, тәрізі, ең жас тоқал Үйректен туған кенже ұл, осы Шалқыбайдың шаңырағынан шыққан екен.)

Айттық, қалған бес әйелдің ұл ұрпағы болмаған, қыздарының аты-жөндері белгісіз.

Сонымен, Шақантай атамыздың өз кіндігінен жиырма екі ұл дедік. Әрқайсының еркек кіндік ұрпақтарының есім-жөндері де ұмытылмаған. Жекелей таратпай, жинақтап келгенде, Шақантай немерелерінің сұлбасы мынандай.

Жаңылдан – 17, Еңкеден – 8, Қоныстан – 6, Мөлкеден – 11. Дәріпжаптан – 5, Соқұрдан – 5, Шебектен – 8, Үйректен – 4 ұл. Біздің нақты есебіміз бойынша, жиыны 64 немере. Ата ғұрпында келесі ұрпақ – шөберелердің жөн-жобасы да нақты таңбаланған. Енді бірер буыннан соң Шақантай әулеті рулы елге айналады. (Дәйекті дерек: советтер тұсы,

колхоздасу кезеңінің қарсаңында бес ауыл – 629 шаңырақ болып отырған екен. Үй басы төрт-бес кісіден межелегенде – 2500-3000 жан.)

Жай ғана көп емес, бүткіл Арқаға мағлұм, бай мен батыр, би мен балуан, өнерпаз сері мен әнші, күйші. Соншама дарынды тұқым.

Біз сөз басында тоқтаған Бөдес қажы – Еңкеден туған Құлбарақтың алтыншы ұлы Шүршіттен тарайды. Шүршіт өз заманында жау шаппаса да батыр атанған, бірбеткей, тентек кісі екен. Айдаудағы поляк қайраткері – еркін, бұла, рухани дарқан қазақ туралы ғажайып естеліктер қалдырған Адольф Янушкевичтің жазбаларында Шүршіт әлденеше мәрте аталады. Тобықты Құнанбайдан кейінгі айрықша назар аударған адамы, сол кездегі Дағандел-керей болысы Үйсінбаймен (аудармашының қатесі ме, Юсупбай деп жазылған) сыйыспай жүргені, бітіспес араздық және қырыс мінез турасында.

1944 жылы, осыдан бір мүшел бұрын халқы түгелге жуық қырылып, мүлде иен қалған Жорға, Дағандел алабына мал отарлап, қайыра ел көшкенде, жол ортасы, Қызыл-қайнар деген жерде, шеру жетекшісі, үлкен әкем Мағауия «Шүршіт атаң» деп, мені тоқал төбе басындағы тас бейітіне алып барып, құран оқып еді. Өз заманында аса кеуделі кісі, аға сұлтан Құнанбаймен дос-жар қатынаста болған, Құнекен үлкен мәртебеге жетерде керей атынан қолдау жасаған, Өскенбайдың асына он ту бие, он тайжүзген саба қымыз апарған, кейінде қажының бала-шағасын, немерелерін оқытатын, Мұханның ұлы романында көрініс берген Ғабитхан молданы, салдаттан қашып жүрген кезінде Қарқаралы базарынан ұшыратып, елге алып келіп, оңалған соң, бізден гөрі Құнекеннің ауылына лайық екен деп, өз қолымен апарып қосқан ерекше қызметі тағы бар. Осы тентек Шүршіттің бірінші әйелі Кермеқастан Мұсабек туады. Мұсабектің екінші әйелі Айжаннан – біздің әуелгі бас батырымыз Бөдес қажы. Бөдес қажының Жарылқасын дейтін ұлының шаңырағында, кәмпеске, кудалау кезінде Әулие-Ата өңірінде туып, жақын ағайынның белгісіздеу сойына тіркелген Бейсембиев Мұхтар 1965-1980 жылдарда Алматы теміржолының бастығы болды. Мінезі кең, парасаты мол кісі еді. Жасым көп кіші болса да, Шақантай әулетінің басқа да игі жақсы, белгілі азаматтары сияқты, мені ерекше құрмет тұтатын. Мен елден кеткенге дейін жақсы араласып, қонақтасып тұрдық. Көп ұзамай, қартайып барып дүниеден өтіпті. Артындағы балалары әрқилы кәсіп, бизнес төңірегінде жүрсе керек. Есебі, Бөдес қажының ұрпақ-зәузаты, қазақтың басқа да көптеген қаракөк әулеттері сияқты, із-түзсіз жойылып кеткен жоқ, бүгінгі заманға жалғасты.

5

Сонымен, Шақантай атамның арғы шежіресінен кейін бел ортадағы Бөдес қажыға қайтып оралдық.

Наурыз айының алғашқы бір күнінде, бейбіт қазақ қыстауына ақ орыстың отыз екі салдаты келіп түсті, дедік. Аттары болдырған, өздері қажыған. Түгелдей қарулы және аш-арық. Бірақ ызбары айрықша. Тезінен дастарқан жайылады, қой сойылып, қазан асылады. Әуелгі жеңіл тамақтан

соң көпшілігі ес жиып, тыныстап жатыр. Екі-үшеуі сыртқа шығып, төңіректі барлап, қайтадан ішке кіріп, кең қораның қуыс-қуысын тінте бастайды. Әйел іздеген. Қажының отбасына қатысты қыздар мен келіншектер мана, орыстың қарасы көрінген соң, түгелдей басқа қоңсы үйлерге, тақау төңірекке бой тасалаған. Әйткенмен, шай беріп, ас қамдап жүрген егде қатындар бар. Қора дәліздің қалтарыс бір тұсында солардың екеуі көзге шалынып қалыпты. Үш салдат бөгелмей тұра ұмтылғанда, біреуі қашып үлгереді, екіншісі қолға түсіпті. Жан-жағына қарайламай, ешкімнен именбей, осы жасамыс әйелді башпандай бақыртып, астыға басады. Манада қажының қатаң тапсырмасы бар. Қандай жағдай болса да, қарсылық жасап, бас көтермеңдер, деген. Ести тұра, қаншама қыстықса да, ешкім көмекке ұмтылмайды. Және артынан ешкімге тіс жарып айтпайды. Ештеңе болмаған сияқты. Бірақ болды. Адам естімеген сұмдық оқиға, көпе-көрнеу қорлық. Қайткенде алғашқы құрбандық. Енді қалған жұртты не күтіп тұрғаны, әйелдің ары тапалып, ер-азамат қан жұтпағы мағлұм болған. Таң алдында, ертемен, күн шыққанда. Бәлкім, бір ұйқыдан соң.

Түн ортасы. Қауіп-қатерсіз тәтті ұйқы.

Бұл кезде, осы үлкен ауыл бар, іргедегі басқа да қоныстар бар, Шақантай әулетінің қарулы жігіттері түгел жиналған екен. Әрине, қосшы, қызметшілерімен. Жиыны бірер жүзден астам, жанкешті азамат. Мылтықсыз, басқа да қару-жарақ жоққа жақын, бірақ шешімтал қара күш иелері. Аттарын ауыл сыртында қалдырып, жаяу келген, енді түгелдей етіктерін шешіп, байпақшаң. Бес топқа жіктеліп, орыстар ұйқыға батқан, қатарлас, қарама-қарсы бөлмелердің алдына жетеді. Басшы азамат – әлде Айдынкөл, әлде Шәпеттің үнсіз ишарасынан соң, барлығы да ішке лап беріпті. Бір мезетте. Ешкім күтпеген жағдай. Әр салдатқа үшеу-төртеуден, азғана тыпыр, берекесіз арпалыстан соң, белдеріне қыстыра келген құлаш жіп, шолақ шылбырмен, түгелдей байлап алады. Орыстар атаулы қарсылық жасай алмаған. Тек бастаушы, небәрі төрт кісімен кеңінен жатқан әпесер ғана бауырына басқан шолақ, жалпақша мылтығына жармасқан екен, епетеісіз ағаш қорабын ашып үлгермепті. Ол да маталды. Сәтімен атқарылған тосын қимыл.

Енді бір әңгімеде бұл салдаттар ұйқыға жатқан соң, қи жалыны әлі өшпеген пеш атаулының сыртқы мұржалары тұмшаланған екен дейді. Иіс тиген салдаттар естерінен жартылай айрылып, дәрменсіз кепке түсіпті. Баса кіріп, байлап алу оңай болған. Бұл да қисынды кеп. Қайткенде кіріптар қылды. Әйтпесе ертеңгі зобалаңға күмән жоқ-ты. Бүткіл ауылды қанға бөктіріп, әйел затын түгелдей қорлап, ең соңында, жүріске жарамай қалған мініс көліктерінің орнына, жетегімен, кем дегенде қырық-елу ат алып кетуі анық. Мал садаға, көрген қорлық пен төгілген қанның төлемі қалай қайтпақ. Бөдес қажы нар тәуекелге барып, осыншама сұмдықтың алдын алатын төтенше жол тауыпты.

Жүсіпбек Аймауытовтың әйгілі «Ақбілек» романында, сол кездегі өмірдің өзінен алынған, өзгеше бір лепес бар. Тобымен, жиын отырған қазақ ауылының үстіне үш салдат келсе, ешкім ешқандай қарсылық жасай алмайды, еркектерін өлтіріп, әйелдерін қорлап, бәрін жапырып, жаныштап

кете береді деген. Қазақта қару жоқ, орыстың мылтығы бар. Және бұл қазақ, міне, жүз елу жыл болды, осы заманның ұрыс-соғысынан тысқары қалған, ерлік дәстүрінен айрылған және рухы жанышталған, тым кұрса өзінің жеке басын қорғай алмайды. Ал біздің жағдайда үш емес, қару-жарағы сай, көзіне қан толып, адамдық кейпінен айрылған қаншама салдат.

Қуанышты дабыр, зілді сөз үстінде, ендігі пұшайман отыз екі орысты сыртқа алып шықты, дейді. Бөдес қажы осы кезде ғана бой көрсетеді. Аллаға мұнажат етіп шағын аят айтып, бетін сыйпапты. Өзенге алып жүріңдер, дейді. Дәп іргедегі, үстін алашабыр қар, көкше мұз басқан жайылма арна. Әйгілі Бақанас өзенінің мол сулы етегі.

Жапырлатып алып келді. Қаһарына мініп, түсін суытып алған қажы суаттан жетпіс қадам төменге нұсқайды. Осы арадан мұз ойындар! Екеу-үшеу емес, бір жерден, үлкен бір ойық.

Кешегі бар зәрінен айрылып, онсыз да үрпиісіп тұрған, мүсәпір кептегі, байлаулы, матаулы салдаттар тегісімен қалтырап кетіпті. Амал жоқ, ызбарлы көк мұздың ұшқын атып, шытырлай бұзылғанына қарап тұр. Үлкен, кең суат әп-сәтте ойылып бітті. Астыдағы судың шымырлай үйірілген ағысы анық байқалады. «Қажы ата, енді кірісеміз», – дейді жетекші жігіттердің бірі.

Мен біреуден біреуге жеткен, артық-кемді ақпар емес, осы ерекше оқиғаға тікелей куә болған Сәдуақас деген ақсақалдың әңгімесін өз аузынан әлденеше қайыра естіген едім. Мектеп оқушысы, алтыншы, жетінші, сегізінші кластарда. О кезде алпысты еңсерген. Үйші, яғни қазақы киіз үйдің сүйегін жасайтын, машықты шебер. Шақантай, қалпақ. Мөлкенің ортаншысы Қалыбайдың ұрпағы. Үлкен ұлы Мөлкен, бұрнада жазғам, Қожагелді, Жанактан тарайтын, әке-шешесі жастай өліп, біздің үйде өсіп-жеткен Еркесары тәтемнің күйеуі. Мен аудан орталығына келген бесінші кластан бастап, азғана үзілістермен, тоғызыншы кластың ноябріне дейін, осы үйде болдым. Сыртқы есіктері қарама-қарсы салынған, қосарлас екі там еді. Еркесары тәтем, Мөлкен жездем, үлкен қыз бен кішкентай екі бала және мен – кейінгі, жаңа үйде тұрдық. Ал Садуақас ақсақал, бәйбішесі, және ауру-сырқаулы бір ұл мен ересек кенже қызы бар, ескі тамда ұйықтайтын. Кешкі асымыз бірге. Басқа уақытта да екі жақ аралас. Мен Садуақас атадан ескі заман, Шақантай шежіресі, ақ қашқан жылғы сұмдықтар, оның ішінде Бөдес қажының отыз екі салдатты байлатып алуы туралы хикаяларын тыңдаймын. Әлденеше рет пысықтап, қайта айтқызам, осы және басқа әңгімелер кезінде бәйбішесі де төтесінен араласып, көп жағдаяттарға үстеме жасап отырар еді.

Сонымен, ел аузындағы дүмбілез лақап емес, тікелей куәгердің нақты әңгімесі.

Мұз ойыла бастағанда, әуелгі қорқыныштан ес жиған отыз екі орыс қатарынан қалтырап кетті, дейді. Рақым жоғын біледі, алайда атады, немесе шабады деп ойлаған ғой. Енді мынандай сұмдық. Тілін түсінбейміз, бірақ өздерін не күтіп тұрғанын аңдап, рақым сұрап жалбарынып, бастарын шайқап, жамырап жылай бастады, дейді. Қолма-қол көк сулы үлкен ойық дайын болды. Бар шаруаны атқарып жүрген жігіттер ең әуелі әпесер төрені

сүйремек еді, басқарушы батырымыз Шәпет тоқтау салды. Өз көзімен көрсін, ең артынан, деген. Сонымен, шеткері емес, қақ ортада тұрған бір салдатқа әуелгі кезек тиді. Қарысқанына қарамай, сырғаната сүйреп әкеліп, ойықтың аузына еңкейтті, дейді. Жаннан түңілсін деді ме, азғана бөгелістен соң, басын алға салып, суатқа тоғытты дейді. Шолақ құрықпен итеріп, мұз астына, әріге жіберді. Қайткенде жан тәтті, бәрі де осындай ауыр ажал табарын аңдап, білген басқа салдаттар да шулап кетті, дейді. Ойыққа батырылмақ салдат өзіне кезек келгенде қалай шырылдағанын көрсеніз. Құлындағы даусы құраққа шығады. Үрейлі, жанталас айқайдан төбе құйқаң шымырлайды. Бірақ кешегі азғана зорлығы бүгін қандай сұмдыққа, бәлкім, жаппай қантөгіске ұласарын ойлағанда, буының бекіп, ашуың артып, айызың қана түседі екен. Енді үшінші салдатқа кезек. Ащы даусы жалтыр мұзға жаңғырығып, тұншыға бақырып келеді. Қолы байлаулы, онсыз да дәрменсіз, басымен төменге сүңгітілген соң үні өшті. Өстіп, кешегі қаһар, бүгінгі мүсәпір салдаттар бірінен соң бірі мұз астына кетіп жатыр.

Осыншама үрей, ойбай үстінде бір салдат қана дегбірінен айрылмапты. Дұға оқып, иманын айтып тұр. Кешегі, тілмаш болып, араға түскен жалғыз татар. Кенет Бөдес қажы алға ұмсына түсіп: «Мына жалғыз мұсылманның қанын кешейік!.. – дегені. Жалпы жұрт аңырып қалған еді. – Көп кәпірдің ортасында келген ғой, бізге де ауыр болар...» – деп үстейді. Сол кезде Шәпет шақ ете түсті: «Қажы ата, осы қарақшыларды өзі іздеп тапқан бір ноғайдың жолына мына бәрімізді құрбанға шалғың келіп тұр ғой!.. Айтпай ма ертең, қалған орысқа! Тыңдамаймын сөзіңді!» – деді де, әлгі мүскінді итере жығып, сүйреп ойыққа әкелді және ешбір бөгелместен тереңге тоғытты дейді. Қажының ұзақ ғұмырында жерде қалған ең алғашқы және ең соңғы сөзі болар. Бұдан соң жігіттер тым тез қимылдаған. Бақырған, дір қағып еңіреген, бәлкім, қарғыс айтқан орыстар бірінен соң бірі тегіс мұзды жаһаннамға аттанды. Ең соңында, иығындағы қатырмасында жұлдызы бар төрелері қалып еді. Жаңа басылып тұрған, енді қайтадан қаһарын тапқан қажы дегбірінен айрылса да жанкешті ызбары сақталған әпесердің бетіне төніп келді; құраннан шағын аят оқыған және қазақша зілді сөз: күнәна қарай сазайыңды тартып тұрсың, дегендей. Сол кезде жігіттер оны да сүйремек болып, екі қолтығынан алып еді. Жандәрмен ышқына айқайлады. Манағы отыз бір салдаттың таң аппақ атқан, бие сауым бойғы ойбай, аттанын мына жұлдызды төренің қорқынышты жалғыз айқайы басып кетті. Мұндай дауыс, мұншама үрей болады екен, қарсы алдында тұрған Бөдес қажы, кеудеден біреу ұрғандай, шалқалай шегінді дейді. Әпесер мұз астына түсіп, тыным тапты. Сөйтіп, отыз екі салдат түгелімен.

Ал Бөдес қажының өңі қашып кеткен екен. Бетіме кәпірдің лебі тиді деп, сол күні мұрттай жығылып еді. Және манағы, иманын айтып өлген жалғыз мұсылманды ауызға алған екен. Әуелгі жеңіл сырқат кешке қарай шошымал, ауыр дертке айналды, дейді. Ұлдары басып ұстаған екі күнгі азаптан соң, ең ақырғы сәтінде есін жиып, кәлимаға тілі келіп, мәңгілік, ақ жолына аттанған екен.

Арманы жоқ, дер едік біз. Ол заманда ешбір қазақтың қолынан келмеген ерлік жасады. Осы қартайған жасында өзін құрбанға беріп, асыл сүйек, аталы жұртының абыройын сақтап, бұзақар, қанішер қаншама қарақшыны тұңғыыққа жіберді, өткен ұзақ өмірі сияқты, ең соңғы күні де нұр сәулелі болды. Арманы жоқ. Жаны жаннатта.

Отыз екі қарулы салдатты жайпаған соң, Шақантай жігіттері, бастан өткерген қансыз қырғынның ізін жасырыпты. Орысқа тән ат әбзелдері, айыл-тұрман, ертоқым – түгелдей иелерінің соңынан кетеді. Мұның сыртында, қолда қалған олжа қисапсыз. Кейінгілер атап айтпаса да белгілі жағдай – бұл, шекарадан аса қашпақ салдаттардың қап, қоржынында мол дүние: алтын, күміс, бағалы мүкәмал, буда-буда, ескілі, жаңалы ақша. Бәрі де жауынгер жігіттер сыбағасы ретінде адал бөліске түссе керек. Содан соң, отыз екі ат. Орыс мұжығының мәстегі емес, жолайғы елден ауыстырып, тартып алған қазақ жылқысы. Және іріктеп мінген тұлпар, арғымақтар. Солығы басылып, көбең тартқан соң бәрі де қатарға қосылады.

Әйтсе де, ең үлкен олжа – ат пен алтын емес. Аман қалған жан. Әйел затының намысы тапалған жоқ, ер жігіттердің кеудесі басылған жоқ. Бұдан да зоры – осы отыз екі салдаттың отыз екі мылтығы. Қазақ бесатар деп атаған орыс винтовкасы. Бәлкім, отыз екі емес, үстеме, артық дүмдерімен қосып есептегенде, қырық, әлде қырық бес. Қоржындар толы қаншама оғымен. Жарар, отыз екі бесатардың өзі қисапсыз қазына.

Ең бастысы – кеудесі қанша биік болғанымен, қой аузынан шөп алмас момын қазақ кісі өлтіріп үйренді. Және дұшпан кісіні өлтіру – өзінің жанын сақтау жолындағы ең ұтымды амал екенін көрді.

Енді Шақантай әулеті осы отыз екі өліммен тоқтай алмаған.

Арада апта өтпей, жаңағы біздің Сәдуақас ақсақалдың ауылына, ол кезде, әрине, отызға жаңа шыққан жас жігіт, осы қалпақ ауылына жеті салдат келіп түседі. Әуелгі мезетте кешегі отыз әскердің жөнін сұрайды. Келген, кеткен, бір жұма бұрын. Мына жетеу, аттары арып, топқа ере алмай, кешеуілдеп қалған екен. Кейінде тағы оншақты кісі бар, дейді. Бізге де ілесе алмаған. Және әдепкі сұрақ. Сергәпіл бекінісі деген қанша жер? Әскері мол, әлдебір үлкен қамал сияқты. Аягөз өзенінің жағасы, тас дуалмен қоршалған оншақты үй. Әлбетте, орыс, санаулы салдат. Енді не болып жатқанын кім білсін. Атты кісіге жазда төрт қонақ, қыста алты-жеті күндік жол, деп жауап береді. Жақсы. Көңілдері жайланғандай. Ет жеді, сорпа ішті. Жатуға ыңғайланды. Аттары әбден қалжаураған екен. Ертең, сөз жоқ, осы ауылдан ылау мінеді. Берсе қолынан, бермесе жолынан. Сонымен кете қалса жөн ғой. Жаппай қанға бөктірмесе. Әлбетте, бетімен қойып, ертеңгі күнді күтуге болмайды. Мынау – қорабалы отыз екі салдат емес. Арып-аршыған жеті кісі. Тақау ауылдардан он бес-жиырма жігіт жиналыпты. Үйреншікті тәжірибе бар. Түн ортасында, тәтті ұйқы кезінде басып қалады. Сәдуақас ақсақал айтар еді, ең алдымен үлкенінің мойнына шылбыр тасталды, сүйрете жөнелгенде, есікке жетпей-ақ жаны үзіліп кетті, деп. Қалған алтауын да сол арада буындырып өлтірген. Өліктерін өзенге, мұз астына жіберіпті. Жаңағы, біздің құда, үйші Сәдуақас ақсақалдың жас кезінде, өз қыстауында болған жағдаят.

Арада күн өтпей, басқа бір үйге, қару-сайманды үш кісі жетіпті. Оңай байлап алып, бауыздап өлтірген екен. Иә. Кәдімгідей, қойша бауыздап. Ертеңіне, әлде арғы күні тақау ауылға тағы бес салдат түсіпті. Манағы үлкен топтан жырылып қалған соңғы сілбе. Бұл бесеуі де алдыңғылардың артынан аттанады. Әсіре емес, анығы осы. Әуелде отыз екі, одан соң жетеу, үшеу және бесеу, жиыны – қырық жеті салдат. Бұл деген, басқасын айтпағанда, қырық жеті винтовка. Бәлкім, елу-алпыс. Бірақ қорғансыз ел үшін қырық жеті бесатардың өзі аса мол қару. Бәрі де Шақантай батыр ұрпақтарының қолында.

Бұл, кем дегенде елу винтовка арада он жыл өтпей, түгелдей іске қосылуға тиіс.

6

Әлбетте, соңғы бесеу мен жетеу – қызылдан қашқан ақтың азып-тозған ақырғы жұқанасы емес. Тағы да бірлі-жарымы ықтимал. Қайткенде, артта қалың қол келе жатса керек. Қазіргі ел ағасы Бейсенбай болыстың жұртқа таратқан хабары осындай. Әлденеше жүз, бәлкім, екі-үш мың. – Мұншама орысқа қалай қарсы келмекпіз, біржола қырып кетер деген үрей тезінен басылады. Алдыңғылар – күні бұрын жан сауғалап, көптен жырылған бұзақарлар, кейінгі қалың топ – шенді төрелері бастап, әскердің өз тәртібінен шықпағандар...

Сенім жоқ еді. бірақ сенбегенде қайтесің. Әлде осы, қар еріп, өзен-су тасып, жер аяғы кеңі бастаған өтпелі уақытта Сергөпіл мен Қарқаралы, одан арғы Атбасар, Ақмола сорабынан ірге аударып басқа бір тарапта бой тасалай тұру керек пе екен... Омбыда першілдің оқуын бітірген, одан әрі Томбы шаһарында орыстың тағы бір жоғарғы мектебінде оқыған, баяғы июнь жарлығы, оған жалғас дүрбелеңде орыстың тілін тауып, қарауындағы халқын жәбір-жапаға бермеген, басқасын айтпағанда, Жастабан–Бегімбет баласын сонау Қытай шегінен осы өлкеге бастап келіп, берік орнықтырған, туған жұрты әулие тұтатын Жобалай бидің тікелей төртінші ұрпағы – албаты сөйлемесе керек.

Ел толқып барып тынышталды. Тойсары ұлы Бейсенбай болыс соншама нық. Қарқаралыға қойған, күйлі, семіз ат, жасау-жабдығы түгел бір топ хабаргері бар. Солардың екі-үшеуі апта аралатпай екпіндей келіп, ең соңғы жаңалықты жеткізіп тұрады. Бөгелместен көлік ауыстырып кеткен жігіттер жеріне жетпей-ақ, алдыңғының ізін баса шыққан келесі ақпар естілді. Көп ұзамай, ақтың қалың әскері Қарқаралыға кіріпті деген нақты мағлұмат.

Жау жолындағы бір болыс ел – үш мың үй керей түгел дайын отырған. Шақантай батырдың Қосағашпен іргелес Қарауыл-төбенің етегінен бастап, Бақанас бойында жалпағынан созылып жатқан, шалғынды, кең жазыққа жүз жиырма үй тігілді. Қызметші, қошаметші төрт жүз жігіт келді. Артығымен болсын деп, қонды, ірік үш жүз қой жеткізілді. Бейсенбай болыс қалың қолдың алдынан ат шаптырып, қай жерде, қалай келе жатқанын сағат, сәтімен біліп отырады. Ақыры, ең соңғы

шапқыншылардың ізін баса, жер қайысқан қалың қолдың сұлбасы көрінді дейді. Шұбырынды дүрмек емес, топ-тобы, жік-жігімен қозғалған, біртұтас, ызбарлы, баяу жылжып келе жатыр.

Осыдан бие сауым бұрын, елу-алпыс қой жығылып, мүшелеп бөлініп, жетпіс-сексен қазан көтерілген. Орыстың ақ әскері қырдан төгілген кезінде қарсы алдарынан ғажайып сурет тартылса керек. Қатар-қатарымен тізілген, самсаған ақбоз үй, аспанға көтерілген көкшулан түтін, жағылған от, асылған қазан, жапырлаған жұрт. Бейсенбай болыс, қасында төрт-бес қосшысы бар, орыс әскерін құнан шаптырым жерде қарсылаған. Бірден-ақ, тікелей, жандаралының өзіне сәлем беріп, қолын алған, хош келдіңіздер деп, барлық мән-жайды баяндаған. Өз тілдерінде сөйлескен және тым еркін, көлденең біреу емес, жергілікті өкімет басшысы, бірден-ақ жандаралдың ығын алды, дейді. Уақа емес, сіздер уақытша шегініп барасыздар, Сергөпіл жүз алпыс шақырым, жол қауіпсіз, осы Бақанас бойында болмаса, Аягөз өзенінде тосқауыл жасарсыздар, мұншама мол, жаужүрек әскер қызылдарды Қытай шекарасына жетпей-ақ, біржола тоқтатуы анық, деп, жарқын сөйлеседі. Қызыл әскерді Петірбор мен Кетірмпорт қайда, Көкшетау мен Ақмолада, тым құрса Қарқаралыда тоқтата алмаған ақтар Аягөз-Сергөпілде қалай тойтармақ, одан әрі Бақты, Көктұмада қалай тоспақ, енді шекарадан асып, Қытай жерінде бой тасалауы анық, мына, орысшаға тым жетік, әрі еркін, өткір волостной управитель мұншама ақымақ емес, бәрін біліп тұр, сонда да орыстар мейлінше риза болды дейді.

Жандарал Бейсенбай болыспен бірге, қасында бөлкендік, майыр төрелері бар, орталық, алты қанат ақ үйге келіп түсті, дейді. Міне, құдайдың бергені. Өздері жауынан жеңіліп, қандары қарайып келе жатқан зодыр орыс тура шауып, ақ үйлерді талқан қыла ма, халықты қырып-жойып, қанға бөктіре ме деген қатерлі ой үстіндегі жалпы жұрт бір-бірінен хабарланып, шүйіншілеп, жаппай қуанып жатты дейді. Келесі сәтте бүткіл орыс әскері осы Қосағаш түбінде үш күн аялдайтыны мағлұм болды, дейді.

Жоғарыдан және төменнен жиналып, даяшы болып жүрген төрт жүз жігіттің қатарында менің үлкен әкем Мағауия да болған екен. Бүткіл Жобалай керейдің ақыл-есті, ең ыспар жігіттері, абыржымай, кісілігімізді түсірмей, қызмет жасадық, еліміздің амандығы үшін, деп еді. (Кейін, студент кезімде менен әлдеқалай сұрағаны бар, баяғы Қарқаралы қаласында, Қоянды жәрмеңкесінде көретін орыстарымыз бір жосын еді, сақалдары қауғадай, құлақтары тебінгідей, мұрынды, мойынды, ал мына, бүгінгі орыстың бет-аузы жылмағай, ұрты суалған, көк көзінен басқа ештеңесі жоқ, түгел жәутік, қарап тұрып қарның ашады. Тіпті, мұрты болса да, көпшілігі қырмасақал, түсі суық ақтарға да ұқсамайды. Сол орыстың бәрі қайда кетті? – деп. Өзара соғыста қырылды, қалғаны шет асты, дедім мен. Бүгінгі орыс бұдан жүз жыл бұрынғы, мен ескі кітаптардан оқып, таныған орыстың өзінен мүлде басқаша, өткеннен қалғаны – зорлық, зомбылық қана, бар қасиетінен айрылып, азып-тозып біткен, дедім. Иә, деді атам. Біздің қазақ та тозды ғой. Ашаршылық, қуғын-сүргін. Ал орыс – қожайын, мұншама қиындыққа ұшыраған жоқ сияқты. Сонда не?.. Ұзақ

әңгімеге кетеміз. Олардың да басынан талай зобалаң өтті ғой, дедім мен сөз аяғын ұзартпай, атамды әуелгі әңгіме арнасына қайта бұрып.) Иә, деді атам. Шырға шықпасын деп, қызмет жасап жатырмыз. Мол дастарқан кейде киіз үй ішіне, көбіне-көп іргеге, сырмақ, текемет үстіне жайылған. Сөйтіп, бұл жолы тобымен жеткен, мың қаралы, бәлкім, одан да көп ақ орыс, сірә, жандаралдың жарлығы, және басқа да төрелердің бақылауымен, ешқандай бейбастақ іске бармады. Ішті, жеді, тойынды, ықылас-пейіл мен мол қонақасылы сияпатқа риза болып, еркін тыныстап, екі тәулік дем алды.

Тек алғашқы күні біздің тарабымыздан ешкім күтпеген ақымақшылық болып еді. Ет жеп, сорпа ішіп, жайланғаннан соң, жандаралдың қасынан келген бөлкендік, біз сайлаған, өзіне тиесілі ақ үйге кіріп шықты да, қызара ашуланып, әлдене айтты. Бейсекеңмен қатарлас білім алған, Омбыдан соң Томбыда оқыған, тек першіл емес, адам дәрігері, орыс тіліне жетік, заманында Абайдың өзі құрмет тұтқан Бөжікең, менің шөбере ағам Бөжей Мыңғат ұлы біздің үйлердің төңірегінде аялдаған еді. Бейсекең мына орыстармен ауызба-ауыз сөйлесіп, жағдайымызды түсіндіріп, әлдеқандай реніштің алдын алсын деп, арнайы келтірген. Осы Бөжікең ашулы бөлкендікпен сөйлесе сала, санын соқты. Бас изеп ақталып, жік-жапар болып тұр. Бөгелместен маған жігіттерді түгенде, деді. Елуге тартқан Нұртаза деген кісіміз жоқ болып шықты. Осыдан сүт пісірім бұрын, әлденені сылтауратып, ауылға қайтқан екен. Ендеше, сол, деді. Мына бөлкендіктің төсегінің басында, дорбаға ілініп тұрған қант. Соны алып кетіпті. Енді сұмдық болды. Тезінен қуып жетіп, қайтарыңдар, деді. Бәріміз де қалтырап кеттік. Үш жігіт қатарынан атқа қонып, Нұртазаның сонынан соқтырта жөнелді. Ауылы – алақанда, – Сартерек, бүгінгі аудан орталығы Баршатастан беріде отырған, аралық тоғыз, он шақырымдай. Әп-сәтте, аттары барлыққан, алдарына салып айдап әкелді. Бұлар барып жетсе, Нұртаза жаңа келген, ауылдың бар баласын жинап алып, бітеу, кесек қантты шетінен кертіп, енді ғана үлестіріп отыр екен. Бәріміз де көрдік, ақ дорбадағы бір бас қанттың шекесі ғана кетіліпті. Манадан хабарланып, дегбірі қашқан Бейсенбай болыс та келіп, орыстың төресін тыныштандырып отырған. Сонда бөлкендік айтты дейді: маған қант жәлкі емес, депті. Яғни, үлкен шығын санамаймын. Біз мына рақымсыз қалың жау – қызылдардан ығысып барамыз. Міне, дәп осы кезде қарапайым бір қырғыздың осыншама басынғаны батып отыр, депті. Нұртаза қырғыз руынан емес, басқа бір атадан, орыстың қырғыз дегені – қазақ екен. Бәрі-бір, кім болса да сұмдық іс. Сол арада Бейсекең мен Бөжікең қазақ қашанда орысқа тілектес, міне, жүз жыл болды, ақ патшаның ғұзырында келеміз, мынау – басыну, сыйламау емес, өзінің осы ел ішіндегі, мал ұрлап үйренген сумақай әдетін ұмыта алмағаны, міне, ұстап әкелдік, атсаңыз да, ассаңыз да еркіңізде, депті. Сонда бөлкендік әлгі күнәкарды жерге жығыңдар деген ишара жасайды. Беліндегі салақтаған қылышымен қақ бөліп шабады деп күттік. Шаппады. Шалбарын шешіңдер, деген. Осыдан кейін сол қолын көкке көтерді. Бес саусағын тарбитып ашып. Бес рет дүре соғуға бұйырғаны екен. Төрт жігіт аяқ, қолын керіп, басып отырды. Енді біреуі қонышындағы екі айыр қамшысын суырып, әй, ысқыртып тұрып, бес

қайтара ұрып еді. Әппақ күйрығы ғана емес, бел арқасы мен қара саны қанға бөгіп, білеу-білеу болды. Тіпті, көмекші жігіттердің бірінің қолына тиіпті. Әйтеуір ұры да аман, ел де аман. Бөлкендіктің тоқтандар, жазасын алды деген ишаратынан соң жігіттер сұлық қалған ақымақ Нұртазаны аулаққа сүйретіп әкетті. Сонымен, бәріміз де қатер күтіп, есіміз шыққан оқиға артық азапсыз, аман-есен байыз тауып еді, дейтін менің Мағаш атам. Ақкөңіл, алаңғасар қазақтың қант ұрлап қашуы – әлденендей жеке пайда үшін емес, ауылдағы балаларды тәттіге тойғызып, бір жарылқау ниетінен туыпты. Қайткенде, ақ орыстың әскерін амалсыз қарсылап, бәйек болып күтіп, ашу-ыза, зорлық-зомбылықтың алдын алмақ бүткіл бір рулы елдің зәресін ұшырған шетін оқиға.

Ақ әскер үш күнге шыдамады, дейтін атам. Екінші күні кешке қарай шұғыл көтеріліп, риза, хош айтысып, түн жамыла аттанып кетіпті. Тәрізі, әлденеден сезіктенген. Рас екен. Арада төрт күн өтпей, қызылдар келіп жетеді. Онша көп емес, жетпіс-сексен салдат. Бірақ «Қашқан жауға қатын ер» дегендей, ақтардың берекесі кетіп, құты қайтқан екен. Рас, бұл сексеннің артында неше жүз, екі-үш мың қалың қол келе жатуы да ықтимал ғой. Бірақ келмеді. Бар-жоғы осы жетпіс-сексен. Соның өзі көп аялдамады. Бақанас бойын, Шыңғыстаудың етегін тіміскіленіп, топтан жырылған ақтарды іздеп, екі-үш күн жүрді де, шынымен арттан жеткен тағы азғана әскермен бірге, ақтардың соңынан Сергәпілге бет түзеді. Бұл Аягөз бойында да ешқандай ұрыс-майдан болмапты. Ақтардың қалың әскері ары қарай үдере тартып, Үржар, Мұқанши арқылы шекараға жетіп, Қытай ішіне сіңіп кеткен екен.

Біздің ауылда қызылдар билігі – совет өкіметі орнады. Бұлар дабырасыз, тыныш келіп еді, бар зобалаңын кейінге сақтаған екен, дейтін менің Мағаш атам.

7

Әлелім-тәлейім заман басталды. Бар өкім қызылға көшкен. Әскер ғана емес, әкімшілік. Өз тәртіптерін орнатып жатыр. Ырқына көнбегенді, тіпті, әлденеден күмәнді санағанын аяқ асты, қолма-қол атады. Біздің қожагелді табында, көп батыр шыққан Сартай ауылында, ағайынды ер жігіттер Ысқақ, Оралбай, Оралды тапа-тал түсте жайратып кетіпті. Әлдебір жылқысы жоғалған екен. Дәлел, дәйегі болмаса да, соны сылтауратып. Ешбір тергеу, жауапсыз. Жоғалған аттар басқа жақта маңып жүр екен, ертеңіне табылады, бірақ жазықсыз қаза тапқан үшеу қайта тірілмек емес. Және бір ауылда, намаз оқып отырған молданы ата салған. Қызылдардың бастапқы кезеңдегі, қарусыз жұртқа жасаған қиянат, қазаларын зерттеген, түгендеген ешкім жоқ, мен өзіме нақты белгілі бірер жағдайды ғана айттым.

Біздің ауыл – Бақанас өзенінің өрінде. Шыңғыстаудың құлама етегінен түсіп, қия-жартасты Баршатастан өтіп, қозыкөш жердегі Жылтыр дейтін байсал жайылмаға дейін. Бұдан әрі Шақантай ауылдары қоныстанған. Мұнда да тыныштық жоқ. Осы екі ауыл ғана емес. Бүткіл

қазақ қонысы сияқты, Бақанастың еңісі, Дағандел бойы. Өкірең, қамшы үйірген, мылтық кезенген айқай-аттан, зорлық-зомбылық. Ақыр соңы әйгілі Шұбартау көтерілісіне ұласқан зобалаң. Жорғадағы аудан орталығын басып алған. Аудан басшылары, белсенді балшабектен ешқандай шығын жоқ, түгелімен Қарқаралыға қашады. Ақыры, жеңіліс. Қанды қырғын. Жиырма сегіз кісі атуға кесілген. Жүз қаралы адам түрмеге, алысқа айдалған. Бұл – біршама кейін, 1931 жыл. Біздің дәп осы жолғы әңгімемізден тысқары жағдай. Ал Шақантай тұқымы бұдан көп бұрын көтерілген еді.

Шынында да. Бай, бағлан, батырлар әулеті. Қандай да зорлықты мойындап көрмеген. Өкіметтің қызыл жаға, мылтығын шошаңдатқан бұралқы өкілдерін адам қатарына санамаса керек. Өйткені, бар ісі адал. Өздеріне сенімді. Және түгелдей қарулы. Ақыры, баяғы елу, әлде алпыс-жетпіс бесатардың іске қосылар мезеті туған. 1928 жыл екен. Дүние біржола тарылып келе жатқан, шешуші кезең.

Бұл жолы қалмақ Еңке – жауынгер Құлбарақ-Шүршіт әулеті емес, момын Қоныс тұқымы – қырғыздан шығады қарсылық басы. Шақантай ұлы Даулыбайдан тарайтын Жабағытай ұйытқы болыпты бар пәлеге. Осының алдында ғана совет мілісасы ешқандай кінәсі жоқ, бірақ кеудесі биік, балуан, сері Әбдірахманды тұтқындап, ақыры жолай қашып шыққанда соңынан қуып жетіп, жаралап қолға түсіріп, осыдан соң азап үстінде өлтірген. (Артында бесікте Сәбиқан деген баласы қалған екен. Ағайын-туыстың арқасында өсіп, жетеді. Ұзын бойлы, сымбатты, балуан жігіт еді, менің студент кезімде, жазғы демалыста, Мұқан аға мұғалім болып орныққан Қара-Ирек деген алыс ауылда көршілес тұрады екен, әкесінің, бәлкім, өзі де білмес, ерлік өлімі туралы бұрнада естігем, енді мектеп жасына жетпеген екі ұлы бар, тұқымы одан әрі жалғасты. Ал үлкен аға Әбдірахманның туған інісі – менің әлдебір әңгімемде көрініс тапқан атақты Әбдірәсіл сері болатын.) Осындай қаза, жан шыдамас басқа да жағдайлар.

Енді міне, өз басына жекелей күн тумаған Жабағытай бір тосын, төтенше ойға тоқтапты. Мына совет жалпы жұртты тыныштықта қоймайды. Ату, қысым, енді кәмпеске деп, азды-көпті дәулеті бар қазақты жаппай тонау басталды. Қалқоз дейтін пәле тағы келмек. Оның артында қаншама сұмдық тұруы анық. Осының бәрін ұйымдастырып отырған өкіметті қайткенде құлата алмайсың. Әр тарапта үздік-создық шығып жатқан, осы Шұбартау, Шыңғыстау, Абралыда және тұтануы мүмкін, қарусыз көтеріліс атаулы қанға бөгіп, жанышталуы анық. Ешқандай амал жоқ. Амал бар – түбегейлі емес, ішінара жүзеге асуға тиіс: қадарынша, мына жұртты Совет шеңгелінен тысқары өлкеге көшіру керек. Дәп іргеде Қытай мемлекеті тұр. Бүгінде осы Қытайға қараған ежелгі құтты қоныста қалың найман мен әлуетті керей отыр. Бұдан төрт ата бұрын, Дағандел жұрты бөлініп шыққан он екі абақ. Ойланды, толғанды, шешті.

Шақантай ішінде өзі жақсы білетін, сенімді азаматтарға сөз салып еді. Бәйбіше ұлы Байбарақтан Шәпет. Тағы да бәйбіше ұлы Торғайдан – Айдынкөл, Шалқар. Бәрі де мақұл көрді. Осындағы жұрттың біразын,

мүмкін болғанынша, сол қалың керей ішіне қайтадан аудару керек. Яғни, бұдан төрт-бес ата бұрынғы салқар көшке қарымта, кері көш.

Күні кеше, орыс өктемдігі кезінде босаңсыған, оған жалғас кәпірлер соғысы, қызылдар шапқыны кезінде аралық алыстап, өзара қатынас үзіліп қалса да, көзі тірі үлкендер жол сорабын да, ондағы ағайын-туыс жөнін де жақсы біледі. Тіпті, Ошыбай ұранды жалпақ керей, берідегі Сартоқай, Сарбас, Бегімбет ұранын былай қойғанда, осы Бақанас бойын қоныстанып отырған Қожагелді руының бірнеше атасы – осы Қытай шегінде. Бұл тарапта жол сорабын білетіндер тұрыпты, арғы бетте небәрі екі-үш атадан туысатын бауырлар қаншама. Тек бастап, жол ашу керек. Тұпа-тура Көктұмадан асып, шекараны аттап өтіп.

Сөйтіп, Жабағытай бастаған Шақантай ұлдары ұзақ-асыр дайындықсыз-ақ тұпа-тура мақсатты, әрі қатерлі, өзгеше көшке ниет қылады. Ішінара, астыртын мәмледен соң, 1928 жылы көктемде, негізінен Шақантай әулетінен құралған, екі-үш үй ағайындас малдыбай-матақ, жолай, арғы бетте жақын ағайындары бар төрт-бес үй қожагелді қосылған, шамасы отыз-отыз бес шаңырақ, қатерлі болса да мақсатты көш жолына түсіпті.

8

Көш болғанда, түйелі, тоғанақты, жасау-жихазды, тізіле жылжыған байсал көш емес. Аттылы жаппай дүрмек. Бала-шағасы мінгескен, кәрі-құртаңы да бар, бір қабат киім, кейбірі қоржынды, жалаң жұрт. Жинақтап келгенде, екі жүздей жан. Түгелдей бесатармен қаруланған елуден астам ер жігіттердің қостау, қорғауында.

Қосағаш, Сарғамыстан түн жамыла көтерілген қарақұрым жұрт межелі бағдар – шығысқа қарай емес, Бақанас өзенін өрлей, терістік тарапқа беттейді. Шыңғыстаудың етегі, бұрнада найман мен тобықты Қояндының базарында мал айдайтын, Қарқаралыға да тікелей қатынасты хан жолына жеткен соң ғана оңға – шекара жаққа бет бұрыпты. Манағы, Аягөз, Мақаншыға тікелей тартатын жазан, әрі төте жолдан айырмасы – белес-төбелі, жыра-жылғалы, ара-тұра орман-тоғайлы, ұрысқа, әсіресе қорғанысқа қолайлы өлке. Көш тым аптықпай, байырқа жылжиды, ал қарулы жасақ артын тосып, төңірегін бақылап отырды, дейді.

Күтпеген қозғалыс жөні алғашқы күні мағлұм болған. Сасқалақтап қалған ауылдық әкімшілік пен міліса бірден-ақ топ құрап, белсенділер мен комсомол жастарға қару үлестіріп, жиыны қырық кісі, үшінші күн дегенде көш соңына түседі. Осы Ақшатау етегі, Арсалаңның қалың тоғайына жетпей тұрып, жапырлаған атты, жадағай көштің қарасы көрінді, дейді. Енді тура шауып, ту-талақай қылу керек. Міне, дәп осы сәтте, алдан емес, қос қапталдан және желкеден қатар-қатарымен оқ атыла бастапты. Өзіне соншама сенімді міліса мен кәмөнөс белсенділер мына қашқын бандыда от қару бар деп ойламаған. Болса, бірді-екілі, жұпыны қара мылтық. Мүлде күтпеген жағдай. Кәдімгі бесатардың ашшы даусы. Тарсыл да гүрсіл. Тау-тасқа жаңғырып, тіпті көбейіп кеткен. Абдырап қалған қуғыншылардың

бірнешеуі аударылып, атының бауырына түсті, дейді. Қалғандары тізгін бұрып, тұра қашыпты. Аттарының жалын құшып, дедектеп бара жатқанда тағы біреулері жер жастаныпты. Бас амандары сол беті, арттағы өліктеріне қарайлауға да шамасы келмей, қозыкөш жерде әрең тоқтайды. Абырой болғанда, бандылар соңынан қумаған. Үрейлі жұртты аспанға мылтық атып, айқай-аттанменен әрең тоқтатқан міліса бастығы Шәйкен біраз уақыт өтіп, төңірек тыншыған кезде өзі бастап тақау төбешіктерге шығып, мән-жайды анықтайды. Қуғын жоқ. Көш тоқтамаған. Аялсыз әрі асқан сияқты.

Тағы біраз бөгеліп, ес жиған қуғыншылар баспалай, аңдап жүріп, манағы қырғын алапқа жетеді. Төрт адам әрқилы жараланған, үш кісі өліпті. Мұның бірі – Байқошқар ауылынан шыққан белсенді Әбдікәрім дейтін жас жігіт екен. Жаралылардың біреуі тағы да жолда өледі. Төрт өлік. Оған да тәуба. Түгел қырылып кетуі де мүмкін екен. Бандылар бой салып кумады. Көпшілік аман. Бірақ ең шеткері тұрған Байқошқар ауылына ұнжырғалары түсіп, әрең жетіпті.

Сол Байқошқар өзенінің ұзын аққан Бақанасқа құйылысы, Сапанай дейтін әлде бір ескі күмбез тұрған төбешік етегіне манағы төрт өлікті жерлейді. Құрмет көрсетіп, басына төрт құлақты бейіт тұрғызады. Қалған үшеуінің аты-жөні ұмытылған, жұрт Әбдікәрімнің зираты дейтін. Менің бала кезімде төрт қабырғасы бүтін еді, ендігі мүжіліп, тозған шығар. Қайткенде, біздің ауылдан шыққан алғашқы құрбан.

Жабағытай бастаған Шақантай көші сол беті тоқтаусыз жылжып, оншақты күнде шекараға жетеді. Бақтының шығыс қапталы, тау арасындағы, күзетсіз әлдебір тұстан аман-есен өтіпті. Әуелгі және шығынсыз, сәтті шеру болды.

Бұл – ерте көктем. Бір айдан соң Жабағытай бастап, Шәпет, Айдынкөл, Шалқар қостаған қарулы жасақ қайтып оралған екен. Мақсат – айқын. Қадарынша, тағы қаншама елді көшіріп әкетпек. Бәрі сәтімен боларына ешкімнің күмәні жоқ. Жігіттер сағынып қалған ауылдарын аралап кетеді.

Шынында да. Жабағытай бандылары аталған бұзақар топ мұншама тез оралады деп ешкім күтпеген. Сол беті, қашып-пысып, қарасын батырған сияқты еді. Енді міне, төбеден жай түскендей. Ең алдымен Қарқаралы беттегі аудан орталығы Жорға хабарланыпты. Одан әрі, тілгірам арқылы, керісінше шығыста, соншама жердегі Аягөз. Терістікте, төрт жүз шақырым жердегі Семей. Екі тарапта да жер шалғай. Балшабекке тән батырлықпен, бандының бетін өздерің қайтарындар деген жарлық түсіпті. Қайткенде Шұбартау ауданы өз тарабынан әрекет жасауға тиіс. Жергілікті міліса. Ауыл арасындағы кәмөнәс пен тілеуқор белсенділер. Жас комсомолдар. Жалғыз медет – Қарқаралыдан тікелей көмекке жиырма бес міліса шығыпты.

Бірақ өкімет өкілдері аяқ-қолын жинағанша, әлденеше апта өтпек. Жабағытайдың есебі де осы орайда құрылған. Жігіттері ауыл адақтап жүр. Бір тарап – Шыңғыстаудағы тобықтыға сөз салыпты. Және, әлбетте, барлық керейге.

Тобықтыдан санаулы ғана кісі қосылады. Негізгі мақсат – Шәкерім қажыны алып кетпек екен. Қарт ақын осы туған жерде өлемін деп, бас тартады. Тек бір ұлы Зиятқа ғана рұқсат беріпті. Қолжазбаларын арқалатып жіберген.

Дағандел, Бақанас керейі түгелдей бұзылуға бейім. Бірақ дәп осы сәтте түп көтерілуге дайын емес. Соның өзінде жүз қаралы шаңырақ буынып, түйіне бастайды.

Десе де, Жабағытай жаңа өкімет тезінен қозғалады деп күтпесе керек. Қарқаралыдан жеткені бар, Шұбартаудың өз өкіметі жасақтағаны бар, қарулы мілісаның саны сексеннен асыпты, дейді. Екіге, үшке бөлініп, тобымен, әр тараптан ел ішіне бойлай кіреді.

9

Міне, осы кезде көш қамымен ауыл аралап жүрген Шәпет қолға түсіп қалыпты.

Шақантай жасағының қару-жарақ, күш-қуатын әлі де толық түйсінбеген қызыл міліса енді осы Шәпет арқылы қалған бандыны да біржола жоюға ниет етеді.

Шәпетке: сыбайлас серіктеріңнің аял жерін көрсетесің, әйтпесе атамыз, дейді ғой. Қайткенде атылатынын жақсы біледі, Шәпет оп-оңай, бірден келісіпті. Иә, жанымды қалдырсандар, көрсетейін дейді. Сарқамыстан төмен, Шағырайдан беріде тығылып жатыр. Небәрі он бес адам. Баспалап барып, дәп үстінен түсірем...

Сонымен, қырық мілісаның қоршауындағы Шәпет Бақанасты құлдай жүрсін. Сарқамысқа жетті. Енді, кешкі іңірде тап төбесінен басамыз, дейді ғой. Мезгіл бесіннен ауып бара жатыр екен. Оң жақ қабырғада – ну қамысты өзен арнасы. Тура күн беті. Шәпет жер жағдайын кәміл андап тұр. Мына тұста... қалың қамыс іші... қорыс емес, ат тұяғы батпас қатқыл... Кенет... астындағы жарау жүйрігіне қамшы басып, топтан сытыла қашады. Дәп іргедегі, түйе бойламас қалың қамыс ішіне қойып кетіпті. Тура күн астына.

Мұндай төтенше қимылды күтпеген топ міліса, бір сәт абдырап қалғанымен, келер мезетте жаппай оқ ата бастайды. Шәпет қалың қамысқа кіріп үлгерген, жалпы шамасы белгілі десек те, нақты қай тұста бара жатқаны аңдалмайды, көздері күнге шағылған мілісалар жапырлай, бей-берекет атады. Ердің қасына құнысып, іштей аруаққа – Жобалай би мен Шақантай батыр атасына сыйынып бара жатқан Шәпетке оқ дарымапты. Өзі де, аты да аман. Сол беті, ну қамыс тасасында, өзенді құлдай қашып, қауіпсіз аймаққа жетіпті.

Ал жаңағы қырық міліса, мынау сұмырай бағанадан бері бізді алдап келе жатыр екен, бандылар он-он бес кісі емес, алпыс, жетпіс, бәлкім тоқсан, одан да артық, әдейі қақ ортасына бастап келді десіп үрейленіп, сол сәтінде аттарының басын бұрады да, дүркірей қашады. Шын мәнісінде бұл төңіректе Шақантай жасағынан жан адам жоқ екен. Шәпет не де болса, қалған жұрттан аулақ әкетейін, қайткенде туған жерімде өлейін деп,

Сарқамысқа бастап келген, және, сөз жоқ, әуелден-ақ, ретін тауып, осы қалың нуда тұтқыннан құтылып кетуді ойластырған.

Шақантай көшінің бұдан кейінгі соғыстарында қайтпай ұрысқан, жаужүрек, әрі мерген Шәпет ақыры, Жабағытай, Айдынкөл, Шалқармен бірге Қытай шегінде бейбіт тұрмысқа жеткен. Алайда, 30-жылдарда бұл тараптағы белгілі кісілер қудалана бастаған, Шәкерімнің ұлы Зият, және Райымжан Мәрсеков, және тағы бір алаш қайраткерлері тұтқындалып жатқан кезде, Жабағытайдың атынан Шәкерімге барып, Зиятты алып кеткен дабырасы белгілі, өзінше бой тасаласа керек. Ақыры, орыс-герман соғысы кезінде, Қытайдан Советке мал айдаушылар қатарында шекарадан бері өтіп, бірақ кері қайтпай, Алакөл, Үшарал төңірегінде қалып қояды. Кім екенін ешкім білмейді, көп қазақтың бірі, және атын да өзгертсе керек. Ақыры, Қытай шегіндегі біраз қазақ елге оралған 1962 жылғы дүрбелең көштен соң тым көп ұзамай, 1967 жылы туған жеріне қайтады. Өз жұрты Қосағаш ауылында тұрыпты. 70-жылдардың басы, дүниеден өткенге дейін. Мен осы Шәпет батырдың жөн-жобасын айтқан кезде, Едіге балам қайран қалып еді, қызылкөз кәрі кәмөнөстердің ешқайсысы көрсетпеген бе, қалай тыныш жүрді, деп. Шынында да, біздің ауыл мінезіне үйлеспейтін, шетін жағдай. Сірә, бұл кезде алдыңғы адал балшабектер түгелдей өтіп кеткен. Шәпеттің күрес тарихын нақты білетін ешкім табылмаса керек. Әйтсе де, таң қаларлық жағдаят. Аруақтың демесіні.

Мен ол кезде ара-тұра ауылға барып жүрсем де, өзіме бар хикаясы мағлұм Шәпет атамның тірі екенін, елге оралғанын естімеппін. Кейіннен ғана білдім. Әйтсе де, зиялы бір азаматымыз көріпті. Шақантаймен атасы бір Малдыбай ұрпағы, Нүкеш Бәдіғұлов. Сонау, 1962 жылы қайыра көш кезінде Қытайдан келген. Енді біршама танымал ақын, ҚазПИ-ді бітірген, Жазушылар одағында кеңесші болып қызмет атқаратын. Менің жершілдігім, туысшылдығым шамалы, қазір ойлап отырсам, қамқорлығым да болмапты. Тек қана «Жұлдыз» журналының – Қытайдағы қазақ әдебиетін осы жаққа таныту, насихаттау тарабындағы игілікті шаруаларына бағыттаған екем. Арабтан орыс жазуына төңкеріп, роман, хикаят, поэма, өлеңдер – қаншама ақын, жазушыға жол ашып еді. Менің сөзімді жерде қалдырмай. Ол кезде журналда қаламақы атымен жоқ. Бағасын біле тұра, артық ықылас жасамаппын. Ақыры, алпыстан асса да, мезгілсіз кетті. Жүрегінен.

Міне, осы Нүкеш айтып еді. Ауылға бір қатынағанымда, Шәпет ақсақал туралы естіп, жүзін көрмекке және сәлем беріп, әңгімелеспек оймен Қосағаш ауылына бардым, дейді. Тәрізі, күзге қарай. Үйін сұрадым, келсем, іште жоқ, сыртта, төбеде жүр екен, пештің мұржасын айналдырып. Шаруасын бітірген сыңайлы, төмен түсті, қол қусырып, амандастым. Шоқша сақал, қысқа мұртты, кішкентай сары шал екен. Аталас ағайын екенімді алға тартып, Қытайда туғанымды, бұл жақтан өткен әкелерім сонда қалғанын, өзім үлкен көшпен бірге келгенімді, қазір Алматыда тұратынымды айттым. Менің атамды білген, таныған екен, бас изеп, ендігі барыма қанағат қылғандай болды, бірақ үйге кір деп айтпады, шешіліп те сөйлесуге шырай бермеді, деп еді, Нүкеш бауырым.

Шәпет ақсақал біраз жасап, 1973 жылы дүниеден өтіпті. Қосағаш ауылының іргесі, Қарауыл-төбе етегіндегі, Шақантай бабасы бастап, біраз жұрт тыным тапқан қастерлі зиратта жерленген екен.

Арманы жоқ, деймін мен.

10

Осы жолғы көш өткендегіден әлдеқайда ауқымды болып шықты. Және шеруі айрықша күрделі, және қантөгісті.

Әуелде ойлағандай, бірер жүз болмаса да, елу-алпыс шаңырақ дүрк көтеріліпті. Тал түс дерлік ашық аспан астында. Шақантай жасағы өзінің күш-қуатына сенімді. Сонымен қатар, өкімет жағы да нығыз шықты. Қатары көбейіп, міліса әскер сексенге жеткен. Бұған қосымша, ауыл белсенділері, жас комсомолдар – түгел қарулы, кемі қырық-елу кісі болса керек. Көтеріңкі көңілмен, осы жолы бандыны біржола қиратамыз деп шыққан. Мына «бандының» күш-қуатын әлі де толық түйсінбеген екен. Өткен жолғы тойтарыс – кездейсоқ жағдай сияқты. Және қуғыншылардың жауынгер тобы негізінен әуелгі шайқасқа қатынаспаған.

Қайткенде бір тәулік бұрын қозғалған көш-шеру Ақшатауға алды-арты жиын, шеті шашырамай, байсал жетеді. Бұдан әрі Балқыбек өзенін өрлеп, тұпа-тура шығыс атырапқа бет түзейді. Оқшау биік Сұлушоқыдан өтеді. Балқыбектің бастауынан асып, төбелі, қырқалы, ара-тұра көкорай ойпаң, кең алқап – Ойран деген жерге жетіпті. Біздің ауылдың құйқалы жайлауының қақ ортасы. Мен кезінде Мағаш атамнан нақтылап сұрамаппын, бұрнадан «Ойран» ба, әлде атаулы соғыстан соң Ойран аталды ма.

Міне, дәп осы Ойранға жеткен кезде өкіметтің қуғыншы жасағы да арттан ілінеді. Қара-құрым жұрт көз ұшында, белден асып бара жатыр. Міне, құдайдың бергені. Енді ту-талақай қыламыз. Қуғыншылар аттарына қамшы басып, ентелей түседі.

Дәп осы кезде... қос қанаттан, алдан және арттан, өткендегідей бес-он емес, сансыз бесатардан атылған оқ түтеп кетті дейді. Қатар-қатар, үлкенді-кішілі төбе басынан, шошақ оба мен үйілген тас түбінен түтінге түтін қосылып жатыр. Шын мәнісінде, қырат ортасындағы кең алаңқай, қабырғасыз қоршау іші, алаң-ашықта, дәрменсіз, панасыз қалған өкімет жасағы бірден-ақ баудай түсіп, қырыла бастапты. Жарығы таусылмаған жұрт жандәрмен, бей-берекет атып жатыр. Бұлардың байлаулы нысанасы жоқ, әйтеуір тақау төбешіктер, оба мен жартас жаққа. Нақты көрмей атқан соң, ешқандай нәтиже жоқ.

Ал Шақантай жігіттері шетінен мерген. Қауіпсіз жерде отырып, қапысыз ұрады. Бұлардың қолындағы бесатар оғы да жауын өзі іздеп табатындай. Мүлт кетпейді. Осы шайқаста Айдынкөл, Шалқар және Әзімқан ерекше көзге түсті, дейді. Бірақ бәрінен асқан – Жабағытайдың туған інісі Кенжек екен.

Жиыны елу-алпыс жауынгер. Бәрінің де қолында орыстың бесатары. Әскери ғылым тілінде Мосин винтовкасы аталады. Орыс армиясының

капитаны, өнертапқыш С.Мосин қалыптаған, 1891 жылдан бастап Ресей жаяу әскерінің ең негізгі атқыш қаруы. Бүгінгі тұрғыдан қарағанның өзінде аса қуатты. Дүрмек топқа қарай атса, лағып барған оғының өзі жауын екі километрден жамсатады екен. Одан бергі барлық меже – үйреншікті шалымы. Көзі өткір, дәті берік қазақ жігіттері бірер шақырымнан дәлмедәл көздеп, берік байлап атады. Ал мына Ойран алаңында қалқанды тосқауыл төбелер астынан етектегі қорғансыз қызылдарға дейін жүз, екі жүз метр, асса жарым шақырым. Қатар-қатарымен жусатып түсірді, дейді.

Сүт пісірімге жетпеген опыр-топыр, қанды қасаптан соң, аман қалған мілиса мен белсенді, жан-дәрмен ат басын бұрып, жамырай қашты дейді. Тобымен, жекелей, неше бөлек. Бұл жолы Шақантай жасағы жауын босқа жіберген жоқ, тасада тұрған аттарына мініп, түре қуып, соңынан түсіпті.

Менің Мағаш атам, ертелі-кеш, осы мілисамен бірге қашқан белсенділер мен камсомолдың біразын көрген екен, білген екен. Жаңағы атыс жайын, қырғын жөнін тікелей куәгерлер аузынан естіген. Содан, ес білген шағымнан құлағыма құйылған. Кейін, студент кезімде қайыра сұрап, пысықтағаным да бар.

Үлкен ұрыс ашылмай тұрған кезде, көшпен бірге қозғалған әлдебір топ, төрт-бес кісі, окшаулана жүрді ме, асықпай, аз-маз кешеуілдеп қалды ма, арттан жеткен мілисаның қолына түседі. Қатарынан төртеуін атып салыпты. Тек әлдекімдер таныған, Ақбалта дейтін кісі ғана аман қалған екен. Ғажайып ертегіші еді, дейтін Мағаш атам. Өзі де тілге бай, әңгімеші кісі, ертегінің неше атасын айтатын, жеке өзім, көбіне қонақта, осындай атам таң қалған Ақбалта тіпті өзгеше өнер иесі болған сияқты.

Мілиса мен белсенділер, сен мынаны күзете тұр, деп, топтың соңынан кетеді. Күзет тапсырылған кісі – осы Ақбалтамен, бізбен рулас, бір атаның баласы. Бүгінде ұрпағы бар, атын нақтыламай-ақ қояйын, шартты түрде Тайқара дейік. 1950-жылдар, алпысты еңсерген шағында өз көзіммен көрдім. Баршатастан жоғары, Үшаша дейтін жерде отыратын, мал күтімі жағында. Әңгімесін бұрнада естігем, орта бойлы, бірақ иықты, кеуделі, тығыз денелі кісі екен. Қартаймаған, күш-қуатты тұр-тұлғасы демесек, басқа жұрттан ерекше, айырым белгісі жоқ. Қазақтың кәдімгі, қарапайым шалы. Жас кезінде де сыртқа тепсініп тұрған ерекше сыпаты болуы неғайбыл. Міне, ертегіші Ақбалтаны осы кісіге табыстап кетеді. Айттым, аталас ағайындар. Екеуі жеке қалды. Сонда Ақбалта айтыпты. Мына мілиса мен белсенділер осы екеуіміз де жақсы білетін төрт кісіні қатарынан атып тастады. Бірақ маған тиіспеді. Сен де тиіспеуің керек. Менің ешкімге ешқандай жазығым жоқ, көшке ілескенім болмаса. Ол да жан сақтау амалы ғана. Аналар қайтып келген соң қандай көңілде болады. Мүмкін, мені де атар. Мына, жайрап жатқан төртеуден жаным артық емес. Ендеше, ажалымды күтіп отырмаймын. Мені босат, дейді. Босатпаймын, депті. Онда, кеттім. Жат біреудің емес, сенің қолыңнан өлейін, деп, атын қамшылап, жүре берген екен. Жақын ағайын тіл қатпастан, ту сыртынан атып салады. Кейін өзі айтыпты, ердің қасы, атының жалынан асып барып,

оңқасынан жығылды, деп. Өкініш, аяныш емес, мақтан сияқты. Мен әйгілі Ақбалтаны осылайша өлтірдім демек.

Осы Тайқараға қатысты екінші бір оқиға. Шақантай көшінен бұрын ба, кейін бе, әйтеуір ел іші әбден бұзылған кез. Ауыл, үй арасында еріксіз қашқындар пайда болған. Бұ деген – өкімет өкілдері қудалай бастағаннан кейін, қауіпсіздік үшін, уақытша бой тасалау. Мүмкін, заман түзелер, әйтпесе басқадай бір жөні табылар деген үмітпен. Тым көп ұзамай, тақау төңіректе, ескі қоныс, тау мен сайда, ешкімге көрінбей, алдамшы үмітпен уақыт өткізе тұрмақ. Екі-үш күнде бір рет, ауылдан қажетті азығын алып кетеді. Әлбетте, жаңадан құрылған міліса мен аяқ астынан көтеріліп, топтан озған белсенділер тура шығып, үстерінен баса алмайды, қаруы, қару болғанда мылтығы бар деген қауіппен. Көбіне қапияда қолға түсіруге тырысады. Бірде әлгі Тайқара және тағы төрт-бес кісі, іс мәнісін танып, тұпа-тура, атаулы ауылда тосқауыл құрыпты. Күн батып қалған кез екен, бірақ қараңғылық түспеген, самала жарық. Шынында, қашқындар бірер сағат ертерек келіп қалған. Қазақ мұндайда ажал айдап, дейді. Үш-төрт қашқын, әлденеден торуыл белгісін аңдады ма, іргедегі бейітпен қатарласа бере, аттарының басын іркіп, ойқастай жүрді дейді. Ақыры, қауіп-қатерге көздері жетіп, бұрыла берген екен. Осы кезде жапырлай оқ атылады. Бәрі де аман құтылады, тек ең алда келе жатқан, енді артында қалған Жанұзаққа оқ тиген екен. Осы өңірде белгілі байдың мырзасы. Бесатар оғы сол жақ аяғы, асық жілігін үзіп кетіпті. Толықсып барып аттан жығылады. Тайқара бастаған белсенділер жетіп келіпті. Сол кезде Жанұзақ атып тұрып, шырқырай қашты дейді. Бейітті айнала, жалғыз аяғымен секіре ұмтылып. Мен әлденеше қайтара естіген сұмдық. Жан тәтті ғой, дейтін қандай да әңгімеші. Жалғыз аяғымен, секіре шоқақтап, атасының бейітін айнала қашады. Қайда барсын, ұстап алады. Осы кезде жас келіншегі, қолында бір жасар, кішкентай қызы бар, жан ұшыра жетіп, күйеуін құшақтай жығылады. Тайқара үстінде төніп тұр, жылап-сықтап, жанын қи деп жалбарына бастапты. Сонда Тайқара жас келіншекті, бауырындағы баласымен қоса итеріп тастап, бесатарын Жанұзақтың кеудесіне тіреп тұрып, қатарынан екі оқ шығарады. Қаншама кісі куәлік берген ақиқат оқиға.

Мен бұл әйелді де, оның қызын да көрдім. Студент кезімде. Арада қаншама заман, баяғы жандәрмен келіншек енді орта жастан асқан егде, кейін Жанұзақтың жақын бір туысымен тұрмыс құрыпты, аудан шегінде басқарма, меңгеруші қызметтерін атқарған, ақыл, парасатты, ұстамды кісі еді. Өзінің кейінгі балаларымен қоса, баяғы қызды да өгейсітпей, өсіріп жеткізген екен. Алматыда оқып, институт бітіріп, сол жақта тұрмысқа шыққан, мен көргенде төркін жұртына екі баласымен демалысқа келіпті. Анасының да, өзінің де әу бастағы қайғылы оқиғаларын естігем, соншама ауыр ахуал, бірақ енді басқа бір, барақат өмір.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын, мен мектеп бітірер қарсаңда Тайқара қайтыс болған еді. Қыс күні, қорадағы малға шөп әкелемін деп, шанамен кеткен екен, кешіне оралмайды, таң ата іздеп барса, қар басқан әлдебір маяның түбінде, шанасының қасында өліп жатыр екен, жаңа ғана шөп тией

бастапты. Бұрнағы жағдайы жалпы жұртқа белгілі, ауырмай, сырқамай өлді, мүрдесі ай далада, түн астында жатты, ең сұмдығы – бүрісе бүгілген қалпында қатып қалыпты, аяқ, қолы жазылмайды, үстіндегі тонынан бастап, бар киімін тіліп, әрең сыпырыпты, сол, бүктелген қалпында көрге түскен. Қан ішкен күнәкардың жазасы ғой десті, аталас жұрттың өзі. Күнәнің өтеуі тым кеш келіпті. Қазақтың кешірімшіл кеңшілігі сияқты, біздің тұма құдай да асықпайды екен.

Десе де. Бұл Тайқара неге қатарынан екі рет қан ішті? Бәлкім, екеу емес, әлденеше. Мейлі, екеу-ақ болсын. Қайткенде аталас ағайын. Сонда түп себебі, мән-мағнасы қандай? Күні кеше ғана осы ауыл, іргелес басқа ауылдар, жалпы қазақ тыпа-тыныш отыр еді ғой. Ұрлық-қарлық кезінде, аяқ астынан туған барымта, оған жалғас қарымта, сарымтада сойыл қате тиіп, кездейсоқтан бір кісі өле қалса, бүткіл ел шулаған, құны, айып, төлемі бар, осы бір ғана өлім – дүниеде болмаған, болуы мүмкін емес сұмдық ретінде ел аузында елу жыл айтылар еді. Енді міне, аяқ астынан, қатар-қатар, қаншама қысасты жаза. Шындығында, шешімі онша күрделі емес. Ресей жерінде басталған, адам атаулыға қаскөй, былықты, сүрей толқын, жолындағының бәрін жапырып, бейбіт, бейкүнә қазақ даласына келіп жетті. Жай ғана келген жоқ, пенде атаулының жан түкпірінде ғасырлар бойы бұғып жатқан, ең төменгі, ең былғаныш, ең арам сезімдерді тепкілеп оятты. Зұлымдық атаулыға кеңінен жол ашты. Біз шартты түрде Тайқара деп атаған кісіміз – кеше ғана ел ішіндегі мықтылардан именетін, кеудесі басыңқы, қарапайым малшы, енді тақау төңірегінен озып, жалпы жұрттың басына шығатын төтенше жағдайдың мәнісін ұқты. Қызыл өкіметтің жағында болсаң, бар ісің дұрыс. Қолыңда мылтығың бар, қандай қылмыс жасасаң да, қарымта жауабы жоқ. Не істесең де өзіңе пайда. Бәрі жөн. Тойып ет жеп, шалқып қымыз ішу ғана емес. Кісі өлтіргеннің өзі ерекше бір қанағат екен. Қызық екен. Иә. Ең үлкен қызық – адамды атып өлтіру болып шықты. Ұтылыссыз ойын. Сондықтан да дәп өзіне ешқандай жазығы жоқ, әрі аталас туыс, ертегіші Ақбалтаны атып тастады. Және айызы қанбай, қалай өлтіргенін жұртқа жайды. Мақтан, ерлік ретінде. Сондай-ақ, бұрнада қойын бағып, көжесін ішкенге мәз болатын, бетіне тура қарай алмайтын, еңсесі биік мырза Жанұзақты жарадар қалпында, баласы мен әйелін зар еңіретіп, көлденең қаншама жұртты қорқытып үйіріп қойып, қайыра атты, бір емес, екі, осымен үшінші рет. Қолына қарап тұрса, жүз сан адамды жояр еді. Жойып та жүрді. Жүз емес, мың сан, миллиондаған кісіні. Бір Тайқара емес, қисапсыз көп Тайқара атаулы.

11

Сонымен, асқақтатып айтқанда, зұлымдыққа қарсы күрескер, шындығына келгенде, өздерінің жеке басын, бала-шаға, үй-орманын аман сақтап қалу жолында, еріксіз соғыс ашқан Шақантай әулеті, ақылмен ойластырған жанкешті қимыл үстінде үлкен жеңіске жетті. Арттан қуа шыққан жетпіс-сексен міліса, қырық-елу белсенді – түгелдей қару-жарақты, жиыны жүзден астам қызыл жасақ ту-талақай болды. Тең

жарымы оққа ұшқан. Бетпе-бет айқас емес, көзге көрінбей, жарым шақырым, екі-үш жүз қадам жер – төбе басы, үйген тас пен оба түбінен атқылаған мергендер оғынан. Аман қалғаны сыпырыла қашты дедік.

Алайда, қашқан қызылдың бәрі бірдей құтылып кетпеген. Кейбірін бесатардың жасын оғы қуып жетеді. Баяғы Бөдес қажы мұз астына жіберген ақ орыстың бесатары. Кемі елу-алпыс винтовка. Әрқайсы онға татыр, нысанаға ілінгенін қапы жібермес, құлашы тым ұзақ, ажал қаруы.

Қашқан қызылдар быт-шыт, бөлек-бөлек босқын тапқан. Әлдебір топта бес-он кісі, көбіне-көп бытырай қашқан үшеу-төртеу, екеу-үшеу, жалғыз-жарым. Өзара қарайласуға, кейін бұрылып, топтаса қарсылық жасауға дәрмен жоқ, әркім өз қамы, бәрі де үрей үстінде.

Менің кезекті бір шығармама деректі мағлұмат жинағандай, үлкен әкем Мағауия ақсақал, ол кезде қырыққа жаңа ілінген жігіт ағасы, әрине, әлі дүниеге келмеген және болашақта кім болары беймәлім немере Мұхтар Мағауин үшін емес, арыдағы ел шежіресін бүгінгі заманға жалғастыру, ендігі зобалаң заман туралы толық мағлұмат үшін, сол оқиғаларға тікелей қатысты қаншама адаммен кеңес құрған екен. Түптеп келгенде, аға баласы ретінде Шақантай ұрпақтарының соңғы соғысы туралы қаншама хикаяны көңілінде тұтқан.

Сонымен, сыпыра қаштық, депті. Әуелгі сүргінде біздің ауылдан Әбдікәрім белсенді мен тағы үш кісінің оққа ұшқанын айттым. Осы екінші, ең зор қуғын құрамында, қызыл міліса көппен бірге, еріксіз көтеріп әкеткен тағы төрт-бес ауылдас болса керек. Осылар бар, басқасы бар, Мағаш атам аман қайтқан біраз кісіден тағы қаншама әңгіме естіпті. Түптеп келгенде, бәрі де мен үшін болып шықты. Осы жолғы дүрбелең ғана емес. Бұрнада және кейінде замана ауқымын байыптауға септескен, қат-қабат хикаялар.

Сонымен, жанталас қашу, жапырлай қуғын. Дәп қазір есіме түспей отыр, біздің ауылдың бір кісісі, аты шаба алмай, кешеуілдеп, енді қолға түсуге, немесе қолға түспей-ақ оққа шалынуға тақайды. Сол кезде қасынан өте берген, аты екпінді ағайынның бірі Күлшебай: «Әй, өлдің ғой, мына мілісаның оқтарынан құтылмайсың ба...» – депті. Сөйтсе, бұл мінген аттың беліндегі үлкен қоржынның екі басы сықа толған бесатар оғы екен. Мана, қуғынға шыққан кезде мілісалар артып берген. Жаңағы ағайын атының басын тартып, қонышындағы қанжар пышағымен қоржынның екі басын бірдей орып жіберіпті. Барлық оқ саудырап жерге құйылды дейді. Бұдан соң белі босаған ат шабысын түзепті. Сөйтіп, әлгі туысқан екеуі қуғыннан қара үзіп, аман-есен ауылға жеткен екен.

Енді бұдан гөрі күрделі, екі тарабы да қайғылы оқиға.

Біздің ауылдан шыққан жас жігіттердің бірі. Мағаш атам есім-жөніне дейін айтып еді, одан беріде жетпіс-жетпіс бес жыл, жадымда қалмапты. Бірақ бұдан әңгіме желісіне кемшілік келмес. Сонымен, жиырмаға толмаған жас жігіт. Комсомол қатарына жазылған. Соған орай, бандыларды қуғындау құрметіне ие болған. Енді міне, жан ұшыра қашып келеді. Жалғыз өзі емес, қасында тағы бір кісі – жай ғана белсенді емес, міліса және мілісаның ең үлкен бастығы – нәшәндік. Өкімет орнағаннан

соң көп ұзамай, Қарқаралыдан келген. Аанада ғана Шәпетті қолға түсіріп, айрылып қалған мықты. Сол кезде жасы отызға жаңа жеткен. Бірақ талай өткелектен өткен тәжірибелі жігіт. Жай ғана міліса, үлкен нәшәндік емес, балшабек екен.

Сонымен, үзеңгі қағыстырып келеміз, депті. Артта, бірер шақырым межесінде қуғыншылардың қарасыны байқалады. Енді жан ұшырмасқа немене. Бірақ Шәйкен тізгінін тарта берді, дейді. Тартқан жоқ, атын қалай қамшыласа да, жүрісі өнбей келеді. Содан соң айтты дейді. «Ал, бала, менің атым болдырды. Маған қарамай жүре бер», – депті. Мен, үлкен нәшәндік қалай айтып тұр деп, дүдәмал едім, мүлде бөгеліп, жерге түсті дейді. Арты өрлеуіт, тұпа-тура беткейге атын көлденеңінен тұрғызып, бесатарын ер үстіне қойып, жаңадан оқтады, дейді. Небәрі үш оғы қалыпты. Содан соң, әлі де бөгеліп тұрған маған қарап, қолын сілтеді, дейді. «Бала, қаш, маған қарама!..» – депті.

Мына мен қайран қалам. Бұдан бұрын да талай атысты, талай өлімді көрген, әккі, тәжірибелі жігіт. Таң азаннан шапқылаған аты болдырды, ажал жақындап келе жатыр. Мұндайда кез келген балшабек қатарлас тың атты тартып мінер еді. Тіпті, үстіндегі кісісін жалпасынан түсіріп. Аман құтылуы анық. Бірақ бәрі керісінше шықты. Жас жігітті аяды ма. Әлде бұдан бұрынғы күмәнді істері ойын құрсап, амандық емес, ажал жолын тандап алды ма. Қайткенде жанкештінің ісі.

Сыдырта жөнелдім, депті. Мен белден асқан соң, қатарынан екі-үш, оған жалғас төрт-бес рет атылған оқ даусы шықты. Бұдан соңғысы есімде жоқ, көп ұзамай менің атым да қалжаурады, тастай салып, Балқыбек бойындағы тал мен қамыс арасына жасырынсам ба деп ойлаған сияқтымын, алайда, артта қуғын байқалмайды, атымнан түспей, жайлап ілгері жүре бердім. Ауылға қалай келгенімді өзім де білмеймін, депті. Атамнан естіген қалпында айтып отырмын. Көпе-көрнеу, екі дүркін ажалдан қалған бұл жігіт кейінгі, германмен соғыста елдің алдымен әскерге алынып, содан хабарсыз кеткен екен. Ақыры майданда басын жойды, деуші еді Мағаш атам. (Америкаға қайыра жетіп, осы тарихи шежіре-хикаяның баспаға әзір нұсқасын қайыра қадағалау кезінде, ескілікті бір жазбамнан кездейсоқ ұшыраттым – жігітіміздің аты Шәмшекбай екен. – 10.X.2024.)

Иә, айтпақшы, Шәйкен астындағы атын төбе беткейіне көлденеңінен қойып, ертоқым үстіне бесатарын сайлап, тұрып қалып еді ғой. Қуғыншылар, әлде он, әлде он бес кісі, соңынан жетіп, белестен аса бере үш рет атып үлгерген екен. Қуғыншы топ мұндай, көлденең қарсылық болады деп күтпесе керек. Ашық-алаң, андыздап келеді ғой. Сол сәтінде атылған үш оқтың бірі – Әзімқанды алып жығыпты. Тағы бір кісіні жеңіл жараласа керек. Үш оқтың бірі ешкімге дарымаған. Келер сәтте өзіне де төрт-бес оқ қатарынан жетеді. Біреуі – қақ маңдайдан. Шалқалап барып жығылды, дейді. Алайда, Әзімқанның өлімі – ауыр қаза екен. Бұл Шәйкенді жаралы күйінде, тірідей қолға түсіріп, таспен ұрып өлтірді деген де сөз бар. Бәрі де ықтимал.

12

Арада бір жарым, екі ай өтпей, Шақантай жасағы үшінші мәрте жорықпен оралыпты. Бұл жолы да күтпеген жағдайда. Келген, көзге шалынған соң, жергілікті өкімет жағы ұтымды әрекет жасай алмайды. Және қарулы тобының қарасыны да азғана. Сонау Қарқаралыдан келіп, Ойранда қырылған көп милисаның сарқыны тезінен қайтып кеткен. Енді, сол Қарқаралыдан және Аягөзден көмек шақыртып жатыр. Олар бұрнағы жағдайдан жақсы хабардар, көпе-көрнеу өлімге асықпай, ырғалып-жырғалып жеткенше қаншама заман. Ал Шақантай жасағы тым жинақы. Тезінен қамданып, жиырма-отыз үйлі көш түзейді. Әдетінше Бақанасты өрлеп, Шыңғыстаудың етегі, Балқыбек бойындағы Ұйтастан оңға қарай бұрылады. Ақшатауды көбелей жүріп, Сұлушоқыдан асып, кешегі Ойраннан соң, Арсалаңның тоғайына жетеді. Ендігі сапар біршама қауіпсіз. Ентігін басып, алды-артын түзеп, жарты күн аялдаса керек. Содан соң тұпа-тура шығысқа қарай. Бақты, Көктұма.

Жер межесі, қай тұста шекараны қызылдар қарауылдап жүретіні жақсы мағлұм. Үшінші көш енді әуелгі, қатарынан екі рет өткен үйреншікті сорабына тартпай, терістік қапталға ойысыпты. Бұрнада арнайы әскер күзетпейтін. Шептің ұзындығы ғана емес. Таулы, тоғайлы алқап, шекарашылардың өзі тосқауылға түсіп қалуы мүмкін. Енді мүлде керісінше шығыпты. Қатарынан екі реткі сәтсіздік пен сөгістен соң, жаңадан тағы қаншама әскер қосылған. Қар түсіп, жол бекігенше бүткіл шекара бойы қатаң бақылауға алынған. Және, үйреншікті Жабағытай бандысы қайтадан ішке өткені анықталып қалған еді. Бір-екі аптада кері қайрылуға тиіс.

Түн ортасы. Тыпа-тыныш. Алайда, шекара тұсына тақала бергенде аспан қақ айрылды, дейді. Ұрымтал бір төбеге, оқты жаңбырша шашатын, пулемет дейтін үлкен мылтық орнатып қойған екен. Біреу емес, екі тараптан екеу. Шерудің бел ортасын ойып түсіпті. Алдыңғылар ары кетті, кейінгілер бөлініп қалды. Қырылған бейбіт жұрт біршама. Әйткенмен, Шақантай жасағы қаша атысып, шекара межесіне ілінеді. Пулемет еркін жете алмас шамада алды-артын жинап, азғана аял қылады. Төрт-бес жігіт оққа ұшқан. Көш ағасы Жабағытай аяғынан жараланыпты. Сүйек аман, тоқ балтыр. Етігінің іші қанға толып кеткен екен, буып, таңады, енді адал жанына қатер жоқ сияқты. Бұл ештеңе емес. Қалған жігіттер де шәйіт. Ең ауыры – Жабағытайдың туған інісі, қапысыз мергеннің озығы, қайтпас қайсар, жас Кенжек ауыр жараланған екен. Атының жалын құшып, әрең жетіпті. Жерге сүйемелдеп түсіріп, қараса, тұпа-тура ішке, бір бүйір – кіндіктен төмен тиген екен. Қан аз, бірақ өлесі жарақат екені анық. Қайыра атқа мінбейді, мінгізсе де жүре алмас еді. Ал артта дабыр, уралаған жаяу айқай, үздіксіз атылған мылтық. «Мен осында қаламын, – депті Кенжек, ес пен түстің арасында. – Қош болыңдар. Тәңірі жолдарыңды оңғарсын!» Сөйтіп, асу үстінде қала берген. Тоқал оба түбінде, бесатарын құрып, иманын айтып, жаннан кешіп. Бұл ретте де Жабағытай мен Шәпет

шешімтал, қатал мінез көрсетіпті. Қиналып, шиыршық атып отырған Кенжекпен асығыс қоштасып, амал жоқ, ары қарай асқан екен.

Сүт пісірім уақытқа жетпей, арттан бесатар үні шықты. Жөппелдеме, қатарынан бес рет. Кенжек мергеннің соңғы майданы. Ізінше бытырлаған, он сан оқ даусы. Әрине, көп оқтың бірі, әлде бірнешеуі нақ тиді. Батыр Кенжек осылай қазаға ұшыраған екен.

Жинақтап келгенде, жарым көш – он-он бес шаңырақ шекарадан өтіп үлгереді. Тағы он бес-жиырма шаңырақ, өлген-жіткені өз алдына, біржола бөгеліп, таң ата кері айдалады.

Шақантай әулетінің соңғы көші, ақырғы майданы. Ол заманда бүткіл қазақта болмаған қарулы қарсылық. Бөдес қажы ақ орыстың отыз екі салдатын отсыз, бірақ сулы жаһаннам – Бақанас өзеніне, мұз астына тоғытқан шешімтал ерліктен басталған. Бұған жалғас жекелеген қырғын өз алдына. Момақан, бейбіт қазақтың қолына сол замандағы қуатты қару – кемі елу-алпыс бесатар түсті. Ата-тегінен батыр, бағлан Шақантай әулеті ақыр соңында жанкешті, ашық майданға шығыпты. Бостан-босқа қырылып қалған жоқ. Керісінше, дұшпанын аяусыз жазаға ұшыратты. Қазақ рухы өшпеген, сөнбеген екен. Ешбір тарихқа түспеген, жазылмаған, енді біз әйгілеп отырған ерлік хикаяты.

Күрделі роман тақырыбы еді. Алайда, көркем шығарма – қиял мен болжалдан туады. Өз атам Мағаштың осы оқиғаға тікелей қатысты кісілерден ауызба-ауыз естіген әңгімелері және, бар тауарихқа куә болған, менің өзім көріп, тыңдап үлгерген үлкендер куәлігі негізінде деректі, нақты хикая қалыптадым. Бәлкім, уақыт оза келе, советтің құпия архивтерінен Шақантай соғысы туралы жаңалықты, қаншама мағлұмат табылар. Табылмаса да уақасы жоқ. Біздің тек қана ел әңгімелері – нақты шындыққа негізделген хикаятымыздың өзі советтік құрылыстың алғашқы кезеңіндегі әлей оқиға – Шақантай әулетінің ерлік күресін толық айғақтайды деп білем. Шешімтал жанталас кезінде қазаға ұшыраған шәйіттердің аруағы риза болсын. Оқ пен отқа түскен марқұмдар мен пәлекеттен аман шыққан азаматтардың кейінгі ұрпағы бар мұратына жеткей.

13

Шынында да. Жинақтап келгенде, Қытай шегіне кемі жетпіс-сексен шаңырақ аман-есен өткен екен. Әзімқан мен Кенжек демесек, үлкен басшылары түгел. Жабағытай, Шәпет, Айдынкөл, Шалқар... Осы азаматтар және көшке ілініп, арғы бетке сәтімен жеткен қаншама жан Шыңжаң аймағына қарасты Сауан, Шағантоғай аудандары, Шәуешек төңірегінде бейбіт тіршілік кешеді. Қазақ елін жайпап өткен, 1931-1932 жылдардағы ғаламат ашаршылықтан да, тынымсыз қуғын-сүргін, ақыры ер-азамат атаулыны ойсыратып кеткен әлемдік қырғыннан да сыртқары қалған. Ол жақта да дүрбелең басталғанда, 1935-1950 жылдар межесіндегі толқыма – Оспан батыр бастаған әйгілі көтеріліске қатынаспаған. Өр Алтайдан жер шалғайлығы және әрең жеткен бейбіт тұрмыс әуезімен. Алайда, Жабағытай соңғы кезеңде Оспанмен хабарласып, білісіп тұрған. Сондай-

ақ, кейінде Қалибек Хакімнің Үндістан асқан азапты көшіне де қосылмапты. Қалибек арнайы сәлем салғанда, советтің бар қызығын көргем, енді азғана ағайынды екінші қайтара сүргінге түсірмеймін, депті. Бірақ дос-жар көңілде айрылысса керек. Бұл тарапта Қалибек Хакім ұлы Хасен Оралтайдың естелік жазбаларында біршама айтылған.

Сонымен, Жабағытай, Айдынкөл, Шалқар. Қызыл тәртіпті қарсылықсыз күтіп алады. Таң қаларлық жағдай – әлде Оспанға күш бермегені, Қалибекке қосылмағаны ескерілді ме, жаңа Қытайдың коммунистік режимі қудаламаған, тыныш қойған. Ақыры, Жабағытай да, Айдынкөл мен Шалқар да қартайып барып, 60-жылдар ішінде өз ажалдарынан өлген. Туысқан жұрты 1962 жылғы дүрбелең көшке қосылмаған. Бірақ мүлде тұйықта қалмапты. Арттағы елге әрқилы хабары жетіп жатады.

Жабағытайдың (шын мәнісінде інісі Кенжектен қалған) ұлы Нариман қытай мектебінде оқып, білім алған екен, арғы беттегі қазақты ағарту саласында елеулі еңбек етіпті. Баспасөз, теле, радио қайраткері, драматург, сонымен қатар, қытай тілінен аудармашы. Ұрпақтары сол Қытай шегінде тұрақтаған. Жалпы, дүрбелең шақта соншама азап, қан кешу үстінде арғы бетке жеткен Шақантай әулетінің кейінгі тұқымы советке қайыра көшуге мүлде ынталы болмаған. Жаңа, тәуелсіз Қазақстанға да асықпай отыр. Тек Айдынкөл, Шалқардың інісі Шөптікөлдің немересі Жамали ғана өтті: қазақта болмаған өнер дарыған, күймей от жалдайтын, қатар-қатар бекітілген пышақ жүзін басып өтетін, керме асылған арқан үстіндегі ешбір өткірге қарамай, еркін жүретін ғажайып қасиеті бар. (Тағы бір туыстарымен бірге, маған сәлем беріп, Түркия, Кемерге келіп кетті.) Ал Айдынкөлдің, онымен бірге туған, Қытайда тұрақтап қалған басқа да немерелес туыстардың ешқайсы қозғалмады. Тек Шалқардың ұлы Кеңесжан ғана, анау бір жылдары Алматыны тауыпты. ҚазПИ-ді бітірді, Жазушылар одағына мүше, жақсы ақын ретінде танылды, алас-күлес мінезі бар, мені жақын туыс ретінде пана тұтып жүруші еді. Бүгінде марқұм. Айтпақшы, Шалқардың тағы бір баласы осы бергі бетте өсіп, жеткен еді. Ең соңғы, түнгі шайқаста, анығы – бұдан бұрынғы көштердің бірінде тобынан ажырап қалған. Бесіктегі, немесе бірер жастағы бала, шешесімен бірге. Аралық мүлде үзілгеннен соң, бұл әйелге бізбен жақын аталас Жоламан деген азамат үйленеді. Тоқай Жоламанов болып шықты. Бұл Тоқай ағамыз кәмелетке толмаған соғыс жылдары әке, шешеден бірдей айрылып, ендігі жақын туыстарының қолында ер жетеді. Алматыда жоғарғы мектепті бітірген. Ақыры, талабы зор, парасатты жігіт Семей облысы шегінде, әрқилы қызмет өткереді, бірнеше ауданда кезегімен үлкен мансап – исполком, яғни атқару комитетінің төрағасы болған, дүние кеңіген, зейнетке шыққан жылдары екі қайтара қажыға барыпты. Жақсы ғұмыр кешіп, артында төрт-бес бала қалдырыпты. Өткен жазда соның үшеуі қатарынан Түркияға арнайы келіп, маған сәлемдесіп, әңгімелесіп кетті. Қазақтың жазушысы ғана емес, жақын аға ретінде. Өмірден өз орындарын алған, ұрпақ өсіріп жатқан парасатты жігіттер екен.

Тағы не бар. Иә, осы советтер шегінде қалған басқа да шақантайлар. 30-жылдардың өзінде әр жаққа таралған екен. Жетісу, Алматы, Талдықорған төңірегінде әрқилы қызметте, астанада көбіне оқу, білім жағында. Бұл әулеттен белгілі медиктер, әдебиетші, тарихшы ғалымдар шықты. Мен көргенде алты-жеті профессор, және әрқилы дәрежедегі қызметкер. Ақын, жазушы, қайраткер. Бәрімен де жақсы қатынаста болдық. Алдыңғылары бала демей құрмет тұтты, кейінгілері – бірер жас үлкені, қатарласы бар, аға санады. Кейбірін санамалап айтсам: Кәрім Ибраев, Айтқазы Серғазин, Хасен Әдібаев, Мұхтар Бейсембиев, Серікбол Темешев, шежіре қарт, Еңбек ері Рыздықбай Тілеубердин, өнертанушы, домбырашы Омар Қаймолдин, режиссер Тұраш Ибраев; ақын-жазушылар: Мыңбай Рәшев, Төлек Тілеуханов, Кеңесжан Шалқаров, Қабыш Жәркенов, тарихшы Жанұзақ Қасымбаев... Бүгінде бәрі де бақиға кеткен, қимастықпен еске аламын. Сондай-ақ, қызметін жалғастырып жүрген, республикаға танымал Тайтөлеу Төлтаев, Ғаділет Батырбеков, Әмір Шойынбаев, Мұхтар Тәшкенбаев. Осы ретте КНБ генералы, бүгінде парламент мүшесі Нұржан Нұрсипатовты атап айтар едім. Және тағы екі-үш профессор, он-он бес ғылым кандидаты бар. Қаншама қиындыққа, ашаршылыққа ұшырап, репрессияға түссе де, орыс-герман соғысы кезінде қырғын тапса да, асыл тұқымның алтын тамыры үзілмепті.

Шақантай батыр әулетінің күреске толы ғұмыр шежіресі – бүткіл қазақ халқының XX ғасырдағы тағдырының өзіндік бір сурет, көрінісі есепті. Трагедиядан салтанатқа бейім, қаһармандық шежіре.

* * *

Сөз соңында Шақантай атамның жеке басына қайтып оралсақ, бақытты, еркін ғұмыр кешіп, сексеннен аса дүние салған. Әйгілі Қос-Ағаш – менің таңдама әңгімелерімнің біріне ұйытқы болған қасиетті, мың жылдық, діңінің аумағы – тоғыз құшақ, биіктігі – аспанға таласқан, зәулім, егіз даракпен іргелес, оқшау тұрған Қарауыл-төбенің басына жерленген екен. Кейінгі Семей облысы, Шұбартау ауданы, Баршатас қыстағынан 17 шақырым төменде. Бүгінде шағын күмбез. Қия беткей мен еңіс – жалғас ұрпақтары мен ағайын-туыс. Қарауыл-төбеде, Шақантай батырдың етегінде жату – қашанда үлкен құрмет саналған. Төбенің шығыс жақ қапталынан өтетін жам соқпақ, қазіргі тас жол тынымсыз қозғалыста. Ең ғажабы – қандай да машина дәп осы тұста бар жүрісін тежер еді. Қазақ қана емес, кездейсоқ орысқа дейін. Ақырын, баяулап қана жылжиды. Қалыпты наным бойынша, іркілмей, құйғытып өткен кісі әлдебір көлденең кеселге ұшырамақ. Мен өзім, туған ауылға қайрылған кездерімде, кіре беріс етекке тоқтап, төбеге жаяу шығар едім. Қасымдағы бәйбішем, балалар, азды-көпті кісімен бірге. Атамның басына барып, тізе бүгіп, құран оқимын, аруағына мүнәжат етіп, медет сұраймын. Шынында да, Ата-Қазақтың бұрынғы-соңғы еңсегей барлық ірілерімен қатар, біздің таптан шыққан Жобалай би, Бабаң – Байғотан би, Шақантай батырдың жебеуі мен алқауын ғұмыр бойы нақты сезініп келем. Шыңғыс қаған, Абылай ханнан бастап, Шақантай

батырға дейінгі біраз аруақтың тұпа-тура аян берген жағдайлары да болып еді. Осындай аталарым барына сүйініш пен сенім мені қаншама қиындықтан аман-есен алып өтті және бар мұратыма жеткізді. Сыйынбас жөнім жоқ. Алғыс, қанағат, тәуба. Әлбетте, жалғыз мен емес, асқаралы талай ұрпағын жебелеуге тиіс.

Иә. Қазақ елін, кейінгі ер-азаматын даңқты бабалардың аруағы алқай берсін!

Кемер, Түркия,
10-25.VIII.2024